



Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті
Западно-Казакстанский инновационно-технологический университет
West-Kazakhstan innovative-technological University

БҚИТУ Хабаршысы

Вестник ЗКИТУ

Bulletin of WKITU



№3(15) 2020

Орал / Уральск/ Uralsk

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

**БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ИННОВАЦИЯЛЫҚ-ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ**

Ғылыми журнал



**ВЕСТНИК ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКОГО ИННОВАЦИОННО-
ТЕХНОЛОГИЧЕСКОГО УНИВЕРСИТЕТА**

Научный журнал

**BULLETIN OF WEST KAZAKHSTAN
INNOVATIVE TECHNOLOGICAL UNIVERSITY**
Scientific journal

№3 (15) 2020

Орал-Уральск-Uralsk

Шығарылым 3(15)
Шілде-июль, тамыз-август, қыркүйек-сентябрь
Педагогика, филология, тарих, экономика/
Педагогика, филология, история, экономика

Бас редактор- Главный редактор:

ГАБДУАЛИЕВА Р.С.

экономика ғылымдарының докторы, профессор/
доктор экономических наук, профессор

Бас редактордың орынбасары-Заместитель главного редактора

В.А. БУРАХТА

химия ғылымдарының докторы, профессор/ доктор химических наук, профессор

Редакция алкасы-Редакционная коллегия

Т.З.Рысбеков –	т.ғ.д., профессор, М.Өтемісов атындағы БҚУ	д.и.н., профессор, ЗКУ им.М.Утемисова
Н. Кенжеахмет –	т.ғ.д., профессор, Бонн университетінің Шығыстану және Азиялық зерттеулер институты (Германия, Бонн қ.)	д.и.н., профессор института Востоковедения и Азиатских исследований Боннского университета (Германия, г.Бонн)
Ә. Қара –	т.ғ.д., профессор, Мимар Синан университеті (Түркия.Стамбул қ.)	д.и.н., профессор, Университет Мимар Синана (Турция, г.Стамбул)
Б.Ғ.Шинтимирова –	т.ғ.д., профессор – Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті	д.и.н., профессор Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет
М.Б. Сабыр –	ф.ғ.д., профессор – Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті	д.ф.н., профессор Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет
В.Н.Мушаев –	ф.ғ.д., профессор, Қалмақ мемлекеттік университеті (Ресей, Элиста қ.)	д.ф.н., профессор, Калмыцкий государственный университет (Россия, г.Элиста)
М.М.Халиков –	ф.ғ.д., профессор, Самара мемлекеттік жол қатынастары университеті (Ресей, Самара қ.)	д.ф.н., профессор, Самарский государственный университет путей сообщения (Россия, г. Самара)
А.М.Мұсаев –	ф.ғ.д., профессор, Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті	д.ф.н., профессор Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет
Л.Х.Самситова –	ф.ғ.д., профессор, Башқұртстан Республикасының стратегиялық зерттеулер институты (Ресей, Уфа қ.)	д.ф.н, профессор, Институт стратегических исследований Республики Башкортостан (Россия, г.Уфа)
И.Ф.Суханова –	э.ғ.д., профессор, Н.И. Вавилов ат. Самара мемлекеттік аграрлық университеті (Ресей, Самара қ.)	д.э.н., профессор, Самарский государственный аграрный университет им. Н.И. Вавилова (Россия, г.Самара)
Н.Г. Чумаченко –	т.ғ.д., профессор, Самара мемлекеттік техникалық университеті (Ресей, Самара қ.)	д.т.н., профессор, Самарский государственный технический университет (Россия, г.Самара)
Е.И. Тихомирова –	б.ғ.д., профессор, Ю.А. Гагарин ат. Саратов мемлекеттік техникалық университеті (Ресей, Саратов қ.)	д.б.н., профессор, Саратовский государственный технический университет имени Гагарина Ю.А. (Россия, г.Саратов)
Г.К.Курманова –	э.ғ.к., доцент, Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті	к.э.н., доцент, Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет
Ш. Х. Курманалина-	п.ғ.д., профессор, Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті	д.п.н., профессор, Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет
Р.С.Кенжекова –	п.ғ.к., доцент, Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті	к.п.н., профессор, Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет

2018 жылдан бастап шығарылады. Жылына 4 рет шығады.

Журнал Қазақстан Республикасының ақпарат және коммуникация министрлігі келісімен 07.12.2017 ж. Тіркеліп, №16782-Ж куәлік берілген.

2019 жылдан бастап журнал электронды форматта шығады.

Издается с 2018 года. Выходит 4 раза в год.

Свидетельство о регистрации издания №16782-Ж от 07.12.2017 г. Выдано Министерством информации и коммуникаций Республики Казахстан

С 2019 г. журнал издается в электронном формате

ПЕДАГОГИКА

ӘОЖ 378.1(075.8)

ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДА МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ АРНАЙЫ БІЛІМДІ ҚАЗАТ ЕТЕТІН БАЛАЛАРДЫ ӘЛЕУМЕТТЕНДІРУ

Джонисова Г.Қ., Жакенова Г.

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ.

Аннотация: Бұл мақалада мектеп жасына дейінгі балаларға инклюзивті білім беру мәселесі қарастырылады. Мектепке дейінгі мекемедегі инклюзивті білім берудің мақсаты мен міндеттері көрсетілген. Мүмкіндігі шектеулі балалардың психологиялық-педагогикалық түзелуіне, әлеуметтену процесіне тиімді әсер ету жолдары ұсынылған.

Негізгі сөздер: Инклюзивтік білім беру, арнайы білім, әлеуметтендіру, мінез-құлық, психолог, дефектолог, ата-ана.

Инклюзивтік білім беру – мектеп жасына дейінгі әр түрлі мұқтаждықтағы даму мүмкіндіктері шектеулі балаларды дамытуды, мектепке дейінгі білім алуға және дамытуға қол жеткізуді көздейтін кіріктірілген білім беру процесі. Инклюзивтік оқыту негізінде балалар құқығын кемсітпеу, адамдарға деген теңдік қатынасты қамтамасыз ету, оларға арнайы жағдай қалыптастыру негізі жатыр. Бала – біздің болашағымыз. Балаларға бәріміз жауаптымыз. Ата-аналардың басым бөлігі балаларының оқу-тәрбие мәселесіне келгенде жайбарақаттығы, салғырттығы басым. Көптеген ата-аналар балаларының тілі жай шыққанына, есте сақтау қабілетінің нашарлығына дер кезінде мән бермейді, білікті маманға апарып көрсетпейді. Тіпті баласының болашағына алаңдайды дегеннің өзінде қаражат жоқтығын сылтауратып қозғала қоймайды. Олардың көбі психологиялық-медициналық-педагогикалық көмектің қызметі тегін екенін логопедтен, дефектологтан, психологтан тегін кеңес алуға болатынын білмейді. Соның кесірінен баланың ақыл-ой дамуы нашар деңгейде екенін мектепке барғанда белгілі болады[1].

Мүмкіндігі шектеулі балалардың білім алу құқықтары «Қазақстан Республикасының балалардың құқықтары туралы», «Білім беру туралы», «Мүмкіндігі шектеулі балалардың әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзетуге ықпал ету туралы», «Қазақстан Республикасында кемтарларды әлеуметтік қорғау туралы», «Арнайы әлеуметтік қызмет туралы» ҚР заңдарында бекітілген. Осы құжаттардың негізінде мектепке дейінгі мекемеде инклюзивті білім беруді жүзеге асырудың масаты мен міндеттері айқындалды. Мектепке дейінгі кезеңде инклюзивті білім берудің мақсаты: мүмкіндігі шектеулі балаларды психологиялық-дәрігерлік-педагогикалық қолдауды іске асыру және инклюзивті білім беруді орындау арқылы тең құқылы тұлға болуға мүмкіндік жасау.

Міндеті:

- әлеуметтік бейімделу, тәрбиелеу, білім беру үрдісіне барлық қатысушылармен ерекше сұранысқа ие балалардың жағымды, өзара қарым- қатынасын қалыптастыру;
- олардың сұраныстары мен мүмкіндіктерін ескере отырып, жан-жақты дамуына жағдай туғызу керек және әлеуметтік тұрғыда дұрыс мінез- құлық қалыптастыру;
- мүмкіндігі шектеулі балаларға бөбекжайда қажетті құралдармен қамтамасыз ету;
- балалардың денсаулықтарына, жүйке жүйесінің дамуына жүйелік бақылау ұйымдастыру;

- баланың даму деңгейіне таңдап алынған бағдарламаның жеткен жетістіктеріне үнемі бақылау жүргізіп отыру;
- көңіл – күйі және тұлғалық дамуының кемшіліктеріне, жоғары деңгейдегі түзетулер жасау.

Мүмкіндігі шектеулі балаларды жалпыға бірдей білім беру орталықтарына қарай бейімдеу 2002 жылдан басталды. Сол жылы Қазақстан ТМД елдерінің арасында алғашқы рет «Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және медико-педагогикалық тұрғыдан қолдау» туралы заңды қабылдады. Осы заң аясында мүмкіндігі шектеулі балаларға ерте бастан білім беру мәселесіне мән берілген. Оларды білім беру, әлеуметтік, медициналық тұрғыда қамтамасыз ету қарастырылған. Ең бастысы, аталмыш заңда инклюзивті білім берудің негізгі принциптері айқындалды [2].

Қазақстан 2008 жылы БҰҰ-ның «Мүгедектердің құқықтары туралы» Конвенциясына қол қойып, барлық мүмкіндігі шектеулі жандарға жағдай жасауға міндеттенген. Елімізде инклюзивті білімнің нашар дамуы ҚР-да білім беруді дамытудың 2011-2020 жылға арналған мемлекеттік білім бағдарламасында сипатталып, оның жоспарлы дамуына әсер ететін қауіп-қатер ретінде елімізде мүмкіндігі шектеулі балалар мен мүгедек балалардың көбеюі атап көрсетілді және екі кезеңге белгіленген инклюзивті білімді жүзеге асыруға мақсаттары мен міндеттері айқындалды. Бағдарламаны іске асыру нәтижесінде ҚР-да 2015 жылға қарай инклюзивті білім беру мен мүмкіндігі шектеулі балалардың 25% қамту көзделсе, инклюзивтік білім беруге жағдай жасау 30%, 2020 жылға қарай 70% ұлғаяды. Инклюзивті біліммен қамтылған балалар үлесі даму мүмкіндігі шектеулі балалардың 50% құрайтын болады.

Мүмкіндігі шектеулі балалардың психологиялық-педагогикалық түзелуіне, медициналық оңалтуға бала тағдырына жауапты ұстаздар, дәрігерлер, әлеуметтік қызметкерлер бірлесіп ата-анамен тығыз байланыста жұмыс атқарғанда ғана, олар өзін қоғамның толыққанды мүшесі ретінде сезінуіне жол ашылады.

Ең бастысы мүгедек балаларды сәби кезінен бастап анықтап, олардың ортаға бейімделуіне жағдай жасауымыз керек. Сондықтан арнайы жұмыс тобын құрып, әр баланың қабілет-қарымын анықтап, дұрыс бағыт-бағдар беріп, жарымжан балалардың жастайынан жасық болып өсуіне жол бермеуіміз керек.

Мүмкіншілігі шектеулі балалардың дамытуда тұлғалық қалыптасу мүмкіндіктері айқындалды, мысалы:

- баланың өздігінен күн тәртібін орындауға бейімдеу;
- өз ара жекелеген достық қарым қатынас;
- әр түрлі бағытта қабілеттілікті қалыптастыруға бейімдеу;
- психологиялық, медициналық, педагогикалық бірлестікте жүйелі қадағалау[3].

Ауытқушылығы бар баланың отбасында алғашқы күннен бастап ата-анасының ұнжырғасы түсіп, күйзеліске тап болады. Ата-аналарының қоршаған ортамен қарым-қатынасы үзіледі, қатынас аясы тек туыстары, дәрігер, мұғалімдермен ғана шектеледі. Баланың мінез-құлқы, тәртібіндегі өзгерістер ата-ананың күткеніндей, ойындағындай болмай, ата-анаға қайғы мен мазасыздық жағдайын әкеледі. Сол себепті отбасындағы өзара қарым-қатынастар бұзылады, әрі қиындыққа тіреледі. Тіпті кей жағдайда отбасының бұзылуына (ажырасуға дейін) әкеледі. Сондықтан мұндай балаларды тәрбиелеуде ата-аналарға тек педагогтардың ғана емес, арнайы мамандардың да көмегі қажет. Арнайы педагогиканың дамуының қазіргі кезеңінде дамуында ауытқуы бар балаларға білім беруге ықпал ету мәселесі өте өзекті орынды алуда. Бұл мәселені шешуде әлеуметтік қызметкерлердің орны ерекше.

Әлеуметтік педагог – арнайы (түзету) білім беру мекемесінің қызметкері, ол барлық институттардың өкілдері (педагог, психолог, дәрігер, әлеуметтік қызметкерлер, құқық қорғау органдарының қызметкерлері, еңбек ұжымы және ата-аналар) және басқа да қызығушылық танытқан тұлғалармен тығыз қарым-қатынаста болады.

Инклюзивті категорияға жататын балабақша – дені сау балалар мен мүмкіндігі шектеулі балаларды бірге тәрбиелеу мен оқытуды, ол мектепке дейінгі білім берудің құрамды бөлігі болып саналады.

Педагогикалық ұжым келесі міндеттерді шешеді:

- әр баланың мүдделері мен мұқтаждықтарын анықтау;
- тәрбиелеу мен білім беруді дифференциациялау және жекелендіру ;
- тәрбиелеу мен білім берудің арнайы әдістемелерін, шараларын қолдану;
- тәрбиелеу мен білім беру ортасын ерекше ұйымдастыру;
- баланы тәрбиелеу, білім беру және түзету процестеріне міндетті түрде ата-аналарды қатыстыру;
- барлық мамандар жігерін біріктіріп ерекше мұқтаждықтары бар баланың әр қайсысына арналған біртұтас түзету-білім беру бағдарламасын дайындау;
- қоғамда ерекше мұқтаждықтары бар адамдарға деген толеранттық қатынас орнауына ат салысу;
- білім берудің әртүрлі формаларының коррекциялау бағытталғандығы:
- «біртіндеп» бөлінген білім беру қамтамасыз етіледі;
- ерекше білім алу мұқтаждығы бар бала жұмысының тұрақты ағымдағы бақылау элементтері енгізілген;
- балалардың қажеттіліктеріне сәйкес жеке-дамытушы бағдарламалары мен маршруттары бірінен соң бірі жүзеге асырылады;
- білім берудің сапалы жекелендірілуі қамтамасыз етілген;
- білім беру ортасының ерекше уақыт және кеңістіктегі ұйымдастырылуы қарастырылған;
- ата-аналарды түзету-дамыту жұмысына қатыстыру;
- ата-аналарға және отбасы мүшелеріне олардың балаларының ерекшеліктері және оның тиімді даму шарттары жайында жекеленген кеңес беріледі;
- біріккен ата-аналар және балалар сабақтары;
- белсенділік орталықтары жұмыстарында, экскурсияларда, топ мерекелерінде ата-аналардың қатысуы;
- баламен әріптестік технологияларына, оны тәрбиелеу мен жанұя жағдайында оқыту әдістемелеріне ата-аналарды оқыту;
- консультация пункты және Лекотека мамандары ата-аналарға психологиялық көмек көрсетеді[4].

Әлеуметтік қызметкер мүмкіндігі шектеулі балалардың ата-аналарына оларды дұрыс дамыту және тәрбиелеу мақсатында төмендегідей ұсыныстар беред:

- Баланың ерекшелігін дұрыс түсініп, қабылдаңыз.
- Балаңызға үнемі шыдамдылық пен сүйіспеншілік танытыңыз.
- Әрқашан өз-өзіңізге сенімді болып, балаңызға ішкі жағымсыз қобалжуларыңызды көрсете бермеңіз.
- Үй тұрмысына байланысты жұмыстарды балаңызбен бірге атқаруға тырысыңыз.
- Баланың өз құрдастарымен жиі қарым-қатынаста болуына ықпал жасаңыз.

Мектеп жасына дейінгі балаларды инклюзивті оқыту идеясының қандай артықшылығы бар?

Артықшылықтың сипаттамасы дамуында ауытқуы бар балалар сегрегация (қалыпты балалардан бөлек ұстау) салдарынан құтылады, оның ішінде «ақыл – есі аз» деген «мөр» тағылудан және қалыпты балалармен шектеулі байланыс әсерінен жағымсыз қарым – қатынастың қалыптасуынан құтылады. Олар басқа балаларға еліктеу арқылы бейімделудің жаңа дағдыларын, сәйкес үлгілерді меңгереді. Олар өз қатарластарының қалыпты ортасына түседі, олармен қарым – қатынас жасайды, жаңа әлеуметтік дағдылар және әлеуметтік қолдау шеңберін игереді[5].

Шынайы өмір тәжірибесіне ие бола отырып, олар ересек өмір сүру жағдайны қажетті дағдыларды алу мүмкіндігіне ие болады. Оларға дамуы қалыпты балалармен достасу мүмкіндігі беріледі.

Дамуында ауытқуы бар балалар отбасы

1. Олар қалыпты даму үстіндегі балалар өмірімен таныс болады.
2. Олар өздерін қоғамның басқа мүшелерінен тым көп оқшауланбағанын сезінуі мүмкін.
3. Олар дамуы қалыпты балалар отбасымен достық қарым – қатынас қалыптасып, ол отбасы қажетті көмек көрсету мүмкін.

Дамуы қалыпты балалар отбасы

1. Олар дамуы мүмкіндігі шектеулі балалар отбасымен достық қарым – қатынас қалыптасуы мүмкін. Отбасына қажетті көмек көрсетуі мүмкін.
2. Өз балаларына олардан ерекшеленетін балаларды сол қалпында өз қатарына қабылдауды үйрету мүмкіндігі туады.

Инклюзивті білім беруді ұйымдастыру 4 кезеңде жүргізіледі:

1. Мамандар бөбекжайға қабылданған мүмкіндігі шектеулі балаларға 2 апта мерзімінде жеке бақылау жүргізеді.
2. Жұмыстың түзетушілік-дамытушылық кезеңі. Мүмкіндігі шектеулі баламен жеке дамыту, түзету жұмыстарын жүргізу.
3. Жұмыстың мектепке дейінгі білім берушілік кезеңі. Баланың жеке басының мүмкіндіктері мен ерекшеліктерін ескере отырып, топ тәрбиешілері мектепке оқуға даярлауды қарастырады.
4. Әлеуметтік тәрбие жұмысы. Әлеуметтік педагог мүмкіндігі шектеулі балалардың үйіне барып, ата-анасымен пікірлесіп отбасының әлеуметтік жағдайын анықтайды[6].

Әдебиеттер тізімі:

1. Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзету арқылы қолдау туралы. ҚР 2002ж №343 заңы.
2. Руководящие принципы политики в области инклюзивного образования. Париж, ЮНЕСКО, 2009 г.
3. Бгажнокова И.М. «Школа для детей с нарушениями интеллекта: тенденции перспективы развития» //Дефектология 2004ж № 5.- 41-43 б.
4. 2011 – 2020 жылға арналған Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамытуға арналған мемлекеттік бағдарламасы // Егемен Қазақстан, 2010, 18 – маусым.
5. Кряжева Н.Л. Кот и пес спешит на помощь. Анималотерапия для детей. Ярославль: Академия развития, 2000.- 86с.
6. Сүлейменова Р.А. Әлеуметтік түзету-педагогикалық қолдау мүмкіндігі шектеулі балаларды интеграциялау жолы ретінде. - «Арнаулы білім алуға қажеттіліктері бар балаларды жалпы білім беру процесіне енгізу мәселелері» республикалық семинарының материалдары. - Алматы, 22 ақпан, 2002.

УДК 378.1(075.8)

СОЦИАЛИЗАЦИЯ ДЕТЕЙ ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА ТРЕБУЮЩИХ СПЕЦИАЛЬНЫХ ЗНАНИЙ В УСЛОВИЯХ ИНКЛЮЗИВНОГО ОБРАЗОВАНИЯ

Джонисова Г.Қ., Жакенова Г.

Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет, г.Уральск

Аннотация: В статье рассматривается проблемы инклюзивного образования детей дошкольного возраста. Определены цель и задачи инклюзивного образования в

дошкольном учреждении. Предложены эффективные пути психолого-педагогической коррекции и социализации детей с ограниченными возможностями.

Ключевые слова: инклюзивное образование, специальное образование, социализация, характер, психолог, дефектолог, родители.

ӘОК 371.213.(075.8)

СЫНЫПТАН ТЫС ЖҰМЫСТАР ЖҮЙЕСІНІҢ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ МҮМКІНДІКТЕРІ

Сапашева К.Х., Камиева А.Г.

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ.

Аннотация: Мақалада мектепте бастауыш сынып оқушыларының рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыруда және дамытуда тәрбиенің формалары мен әдістерін пайдаланудың маңызы зор. Ол үшін сыныптан тыс өткізілетін тәрбие жұмыстарында рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру мүмкіндігі қандай екенін анықтауды қажет етеді.

Негізгі сөздер: тәрбие, педагогикалық үрдіс, сынып жетекші, тәрбиелік шаралар, білім сапасы, рухани-құндылық.

Рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру мәселесінің көкейкестілігі бастауыш мектеп жасында арта түседі. Білім беру аясында балалардың ішкі әлемін рухани байыту міндеттері туындайды. Бұның шешімін іздестіруде сыныптан тыс жұмыстар жүйесі ерекше роль атқарады.

Осыған орай бастауыш мектеп оқушыларына сыныптан тыс жұмыстар барысында рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру мәселесін зерттеу қажеттілігі туындап отыр. Сыныптан тыс жұмыс дегеніміз – оқушылардың сыныптан бос уақыттарында жүргізілетін тәрбие жұмыстарының жүйесі. Бұл біртұтас педагогикалық процестің құрамдас бөлігі болып табылады. Оның негізгі мақсаты – оқушылардың бос уақытын дұрыс ұйымдастыру, олардың сабақта алған білім, іскерлік, дағдыларын дамыту. Сыныптан тыс және мектептен тыс тәрбие жұмыстарын ұйымдастырып өткізу жолдары, әдістемесі, түрлері мен формаларын Н.И.Болдырев, В.И.Фурсов және т.б. өз еңбектерінде атап көрсеткен. Егер сыныптан тыс тәрбие жұмысы оқу процесімен ұштастыру, бүкіл тәрбие жұмысының жүйесін дұрыс ұйымдастыруға көмектеседі.

Бағдарламаларды талдауға байланысты рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру тереңдеп берілмейтініне көзіміз жетті.

Мектепте бастауыш сынып оқушыларының рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыруда және дамытуда тәрбиенің формалары мен әдістерін пайдаланудың маңызы зор. Ол үшін сыныптан тыс өткізілетін тәрбие жұмыстарында рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру мүмкіндігі қандай екенін анықтауды қажет етеді. [1].

Жеке тұлғаның қалыптасып дамуы үздіксіз сипатта болатыны бізге мәлім. Оның жүзеге асуы тек сабақ жүйесінде ғана емес, сабақтан тыс жүргізілетін әртүрлі тәрбиелік әрекеттермен ұштасады. Ол әдетте сыныптан тыс және мектептен жұмыс болып бөлінеді. Оның бірі тәрбие сағаты сыныптан тыс жұмыстардың бір формасы болып табылады.

Сыныптан тыс тәрбие жұмысы – тұлғаның әлеуметтік қалыптасуын қамтамасыз етуде оған жағдай туғызатын, мұғалімдердің басшылығымен ұйымдастырылған және сабақтың мақсатымен өзара байланысты болып келетін тәрбие жұмысының дербес түрі. Ол әр түрлі тәрбие әрекеттерінің жиынтығы ретінде балаға кең көлемде тәрбиелік ықпал

ете алады. Сыныптан тыс ұйымдастырылатын тәрбие жұмыстары мынадай мүмкіндіктер береді:

Біріншіден, оқудан тыс әртарапты әрекет баланың сабақта мүмкін болмайтын жан-жақты дара қабілетін ашуға ықпал етеді.

Екіншіден, сыныптан тыс әр түрлі тәрбие жұмысының түрімен айналысу баланың жеке әлеуметтік тәжірибесін жандандырып, жетілдіреді, оның адамзат құндылықтарына негізделген білімдерін байытып, қажетті практикалық іскерлігі мен дағдысын қалыптастырады.

Үшіншіден, сыныптан тыс түрлі тәрбие жұмысы оқушыларда әрекеттің әртүріне қатысты қызығушылығының дамуына, оған белсенді қатысуға деген құлшынысын тәрбиелеуге нәтижелі ықпал етеді. Егерде балада еңбекке деген тұрақты қызығушылық және белгілі бір практикалық дағды қалыптасқан болса, онда ол өз бетінше тапсырманы нәтижелі орындауды қамтамасыз ете алады. Бүгінде бала өзінің бос уақытын қандай іске арнауды білмей жатса, соның негізінде жастар арасында қылмыстың көбеюіне әкеледі. Сондықтан бұл өте өзекті мәселеге айналуға.

Төртіншіден, сыныптан тыс әртүрлі тәрбие жұмысының формасы тек қана баланың өзіндік дара қабілетін ашуға ықпал етпейді, сонымен бірге оқушылар ұжымында өмір сүруге үйретеді. Яғни, оқу, еңбек әрекеттерінде және қоғамдық пайдалы істерді атқаруда өзара ынтымақтастыққа, бір-біріне қамқор болуға, өзін басқа жолдастарының орнына қоя білуге тәрбиелейді. Тіпті оқудан тыс әрекеттің қандай да бір түрі болмасын, танымдық, спорттық, еңбек, қоғамдық пайдалы, оқушылардың өзара ынтымақтастық тәжірибесін белгілі бір салада байытады, қорытындысында үлкен тәрбиелік нәтижеге қол жеткізуге ықпал етеді. Мысалы, балалар бірігіп спектакль қойды делік, онда өзара қарым-қатынас тәжірибесін меңгереді. Сыныптың тазалығын ұжым болып атқарса, онда өзара міндеттерін бөлісу тәжірибесін меңгереді. Спорттың әрекетте балалар «Бірі бәрі үшін, бәрі бірі үшін» деген қағиданың маңызын жете түсінеді т.с.с.

Бесіншіден, сыныптан тыс тәрбие жұмысын ұйымдастыру мен өткізуде уақытқа қатысты қатаң шектеу болмайды. Сынып жетекшісі оның формалары мен әдістерін, құралдары мен мазмұнын және бағытын таңдауда ерікті болады. Бұл, бір жағдайда оған өзінің көзқарасы және сенімі тұрғысында әрекет етуге мүмкіндік берсе, екінші жағдайда, оның жауапкершілігін арттырады. Бұған қосымша, одан шығармашылық белсенділікті талап етеді.

Алтыншыдан, сыныптан тыс тәрбие жұмысының нәтижесінде күнделікті бақылау мүмкіндігінің болмауы. Себебі, онда тек жалпы жетістік пен оқушылардың жеке дара даму деңгейін бақылауға ғана мүмкіндік береді. Соған сәйкес қандай да бір форма немесе әдістің нәтижесін бірден анықтау өте қиындықты туғызады. Мұндай ерекшелік сынып жетекшісін табиғи жағдайда жұмыс жасауды, балалармен қарым-қатынаста немқұрайдылыққа жол бермеуді және оның нәтижесін бағалауда оларды шиеленіскен жағдайдың болмауын қажет етеді.

Жетіншіден, сыныптан тыс тәрбие жұмысы оқушылардың мүмкіндіктеріне сай қолдары бос уақытта (үзілісте, сабақтан кейін, мейрам немесе сенбі және жексенбі күндері, демалыстарында) ұйымдастырылады. Сонымен қатар оған кең көлемде ата-аналар мен жұртшылықтың өкілдері қатыстырылады. [2].

Қазіргі тәрбиені ізгілендіру, мектепті демократияландыру, тұлғаға бағытталған көзқарас жағдайында тәрбие процесінің тек мақсаттылығы, мәні және мазмұны ғана өзгермейді, сонымен бірге тәрбиенің ұйымдастыру формасына тікелей қатысты оның әдістемесі де өзгереді. Ол өзімен бірге дәстүрлі формаларды қайта қарау және қайта құруға, дәстүрлі емес формаларды шығармашылықпен іздестіруге ықпал етеді. Сондықтан оқушылардың оқудан тыс әрекеттері нақты мақсатты көздейді – белгілі бір нәрсеге қатысты нақтылы қарым-қатынасты дамыту: музыкаға, қылқалам (живопись), табиғат, кітап оқуға т.б. Осыған байланысты ұйымдастыру формасы таңдалады. Олар: тәрбие сағаты, пікірталас, оқырмандар конференциясы, лектория, саяхат, мектеп балы

т.с.с. Содан кейін барып оқушылардың жас және дара ерекшеліктеріне сай, сынып жағдайына байланысты нақтылы тақырып атауы анықталады.

Рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру процесін жетілдірудің ең маңызды бағыты, оқытуды қоршаған өмір болмысымен, әлеуметтік жағдайлармен, өндірістік немесе шаруашылық еңбекпен байланыстыра отырып, мектеп оқушыларының өзін-өзі тәрбиелеуге деген мұқтаждықтарын өз-өзіне қызмет көрсету және өздеріне лайық қоғамдық пайдалы еңбекке араласуға деген ықыластығын оятуға ықпал етуге бейімдеп құру [3].

Мектептен және сыныптан тыс тәрбие жұмыстарының мазмұндық жүйесін, мектептік оқу-тәрбие процестерінің тиімділігін арттыруға бағыттап қайта құру, жас ұрпаққа саналы тәрбие берудің алдағы міндеттерін шешуге бағытталған негізгі бағыттары, әдістері, бүгінгі мектеп өмірінде жүргізіліп жатқан реформаның стратегиялық бағдарламасының негізгі мазмұны болуы да сондықтан.

Мектеп оқушыларының мінез-құлықтық тәртібін, рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыруға бағытталған педагогикалық міндеттерді қамтитын тәрбиелік іс-шаралардың мектептен, сыныптан тыс формалары мен әдіс-тәсілдері сан алуан. Әр жастағы мектеп оқушыларының рухани-адамгершілік құндылықтарының қалыптасуына ықпал ететін педагогикалық құралдары мен тәсілдерін мақсатты түрде анықтап, оның оқу, білім беру мазмұны мен тікелей байланысын, әсер ету деңгейін айқындап отыру тәрбиеші ұстаз үшін маңызды іс.

Рухани-адамгершілік тәрбие мазмұнын қоғамды, әлеуметтік деңгейде жандандыру, оның заңдылықтары мен қайшылықтарын ашатын рухани-адамгершілік құндылықтар жөніндегі педагогикалық жұмыстардың әдістемесін жетілдірумен тығыз байланысты. Қазіргі кезде жалпы тәрбие жұмысы әдістемесін рухани-адамгершілік тәрбие теориясы мен практикасына сүйенетін, дербес педагогикалық пән ретінде бөліп қарастыру тенденциясы пайда болуда.

Аталған тәрбие процесін ұйымдастырудың формаларына жеке-жеке тоқталатын болсақ, оның негізгі түрі – сынып сағаты. [4].

Сынып сағаты – бұл жаппай тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудың ең көп таралған түрлерінің бірі. Кейде оны тәрбиелік сағат, тәрбие сағаты немесе сынып жетекшінің сағаты деп атайды.

Жаппай және жеке тәрбие жұмысын жүргізе отырып, сынып жетекшісі сонымен бірге оқушылардың жеке топтарына педагогикалық ықпал жасайды. Ол сыныптың белсенді тобын іріктейді және біртіндеп қалыптастырады, белсенділерді жинайды және солармен ақылдасады. Мәселен, мектеп жанындағы учаскедегі жаппай жұмысқа немесе экскурсияға, туған өлке бойынша жорыққа дайындалғанда, ол алдын ала белсенділермен әңгімелеседі, жұмыс немесе экскурсия, өлке тану жорығы кезінде оқушыларды ұйымдастыруға байланысты жеке тапсырмалар береді.

Кейде сыныпта шағын ұжымдар болады. Әдетте олар ортақ мүдде және ортақ іс негізінде құрылады (марка жинау, көгершіндер өсіру, модельдер жасау және т.б.). Сынып жетекшісі мұндай ұжымдардың жұмысымен танысып, оларға дұрыс бағыт беріп отыру керек. Әсіресе, пәндік үйірмелер (әдебиет, тарих, жас физиктер, математиктер, химиктер және т.б.) кең тараған. Бұлар қызықтыратын оқу пәні бойынша білімдерін тереңдетуге және кеңейтуге, практикалық дағдыларымен және шеберліктерімен қарулануына, шығармашылық қабілетті дамытуға көмектеседі.

Сонымен қатар, сынып жетекшілері оқушылардың көркемөнерпаздар үйірмелеріне (драмалық, музыкалық, хор, хореография, және басқалары) қатысуын да қуаттайды. Шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін, өнердің алуан түрлеріне тарту үшін мұнда кең мүмкіндіктер жасалады. Көркемөнерпаздар үйірмелеріне қатысу таланттардың табылуына және олардың өнерін ұштай түсуіне жәрдемдеседі, мектеп оқушыларын өнер саласында кәсіби мамандық алуға даярлауға көмектеседі [5].

Ертеңгі күні қоғам дамуының бар тетігін қолына алатын ақыл-ойымен, парасат-білігімен ұшталған жеткіншек ұрпақ тәрбиесін тасада қалдырмау көпшілік бұқараның міндеті екенін есте ұстауымыз керек. Бұл мәселе жөнінде «Бөбек» балалар қорының президенті С.Назарбаеваның қолға алған идеясы, «Өзін өзі тану» пәнінің қосып отырған үлесі мол. Баланың жеке басын қалыптастырудың жаңашыл әдістеріне негізделген жаңа жобаның мақсаты – жеке тұлғаның рухани-адамгершілік дамуы жөніндегі отандық бағдарлама жасап, оны балабақшадан бастап жоғары оқу орындарына дейінгі аралықтағы үздіксіз білім беру үрдісімен үйлестіру болып табылады.

Оқушыларды рухани-адамгершілікке тәрбиелеу мәселелерін қарастыратын ресейлік ғалымдар И.А.Колесникова мен Н.И.Элиасбергтің «Бастауыш мектептегі этикалық білім беру» бағдарламасының моральдық-рухани-адамгершілік білім мазмұнының тәрбиелік аспектілеріне тоқталып өтуді жөн санадық.

Еліміз егемендік алуына байланысты мектепте оқу-тәрбие жұмыстарын ұлттық тәрбиеге лайықтап құру міндеті тұрды. Жас ұрпаққа ұлттық тәрбие берудің негізгі бағыттары мен идеялары Президенттің «Қазақстан – 2030» халыққа жолдауында, «Қазақстан Республикасының Тіл туралы Заңында», «Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңында», сол сияқты Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің «Тәлім-тәрбие тұжырымдамасы» т.б. құжаттар мазмұнында айрықша атап көрсетілген.

Осыған орай, балаларды адамгершілікке тәрбиелеу мәселелері қазақстандық ғалымдардың «Атамекен» (П.Р.Құрсабаев), «Елім-ай» (М.Х.Балтабаев), «Кәусар бұлақ» (З.Ахметова) және «Маңғыстау облысының білім беру ұйымдарындағы кешенді тәрбие бағдарламаларында» т.б. ерекше орын алады [6].

Мұнда көріп отырғанымыздай, адамгершілік тәрбиесі патриоттық (намыс) және жауынгерлік қасиеттерін дамыту жағынан берілген, ал рухани-адамгершілік құндылықтарының мазмұны жеткілікті қарастырылмаған, тек имандылық, парасаттылық, ізгіліктік, қайырымдылық тұрғысынан ғана ескерілген.

Бағдарламада көрсетілген мәселелерді жүзеге асыру білім беру ұйымдарында тәрбие жүйесін әрі қарай жетілдіру жөнінде жеке тұлғаның шығармашылық, рухани және табиғи мүмкіндіктерінің дамуына, рухани-адамгершілік құндылықтардың және салауатты өмір салтын қалыптастыруына кең жол ашады.

Қазақстан Республикасында еркін елдің ертеңін баянды ету бағытында, бастауыш мектеп оқушысының рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыруда сынып жетекшісінің білімі мен іскерлігінің маңызы зор. Өйткені, сынып жетекшісінің білім деңгейі мен іскерлігі оған мектеп тәжірибесінде кез-келген әлеуметтік жағдайларда дұрыс бағыт тауып, шығармашылық тапқырлыққа ұмтылуға, балалармен әртүрлі іс-әрекеттерді дұрыс ұйымдастыра алатындай дәрежеде кәсіби біліммен қаруландыруға жетелейді.

Жалпы орта білім беретін мекемелердегі тәрбиелеу және білім беру мазмұнына жаңалықтар енгізуде, Қазақстан Республикасының Білім министрлігінің тәлім-тәрбие тұжырымдамасында «Тәрбиеші-ұстаз қазіргі кезде өте маңызды роль атқарады, себебі жалпы адамзат мәдениетін, ой-пікірдің дамуын жас ұрпаққа жеткізуші тұлға», - делінген. Сонымен қатар, ... бүгінгі ұстаз тәрбиешінің мәдениеті мен білімі жоғары, ата-бабаларымыздың мәдени мұрасымен бірге дүниежүзілік озың тәжірибелерді және педагогикалық ой-пікірлерді меңгерген, жаңаша ойлап, шешім қабылдауға қабілетті маман болу жөнінде айтылады. Осы мәселеге байланысты көптеген ғалымдардың еңбектерімен таныстық. Атап айтқанда: болашақ ұстаздардың кәсіби білімдері мен тұлғалық қасиеттерін қалыптастыруға В.А.Сластенин, Н.Д.Хмель, В.А.Кан-Калик, мәдениеті мен педагогикалық іскерліктерін жетілдіруге Т.В.Шуртакова, Л.Н.Акимова, Ұ.Ш.Ибрагимов, мамандарды кәсіби даярлау мәселелеріне О.А.Абдуллина, Н.Ф.Талызина, Ш.А.Амонашвили сияқты педагог ғалымдар өздерінің ғылыми еңбектерін арнаса, А.Калюжный, Л.И.Илларионова, Н.Н.Тригубова, А.Р.Қалыбеков т.б.

ғалымдар өз еңбектерін оқушылардың адамгершілік тәрбиесі мен эстетикалық іс-әрекеттерін ұйымдастыруға арнаған [7].

Қазіргі кезде қоғам алға қойып отырған рухани-адамгершілік міндеттерін шешуде сыныптан тыс жұмыстар тәжірибесін педагогика ғылымының әдістемелік-теориялық қағидаларымен біріктіру көкейкесті мәселеге айналып отыр. Халықтың ізгілік және демократиялық мұраттары негізге алынған рухани-адамгершілік тәрбиесін қайта өркендету негізінде білім беру мен тәрбиелеу мазмұнын жаңғырту процесі ерекше мәнге ие болады. Бұл мұраттар оларды орынды және мақсатты пайдаланған кезде жеткіншек ұрпақты туған жерге, еңбекке сүйіспеншілік, үлкендерді сыйлау, түрлі ұлыс өкілдерін құрметтеу және олармен шын пейілді адамгершілік қарым-қатынас жасау, жоғары адамгершілік рухта тәрбиелеуге жәрдемдесе алады. [8].

Отбасы – ең жақын әлеуметтендіру ортасы қатарында өмірдің мақсаты, оның құндылықтары не біліп, өзін қалай ұстау керектігі туралы алғашқы мағлұматтарды береді және онда басқалармен қарым-қатынас орнатуына іс жүзінде дағдыланады. Бала тәрбиесіндегі басты тұлғаның бірі – ата-ана екені баршамызға мәлім. Отбасында бала тәрбиелеу ешқандай дайындықты керек етпейтін қарапайым әрекет секілді болып көрінеді. Көпшілік қауымның осындай көзқараста екені оларға қойылған сұрақтар мен өткізілген сауалнамалар, әңгімелерден белгілі болды. Мұндай көзқарасты кезінде К.Д.Ушинский «педагогикадағы надандық» деп санаған [9].

Рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыруда ата-ананың орны туралы Абай Құнанбаев, адамның адамдық қасиеттерге ие болмағы, әуелі, ақыл ғылыммен болса, ол қызығу, денсаулыққа байланысты, қалғаны «жақсы ата, жақсы ана» үлгі, өнегесі деген.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы // Егемен Қазақстан, шілде, 2007.
2. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы, Білім-Образование, №1, 2004.
3. Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты. Жалпы орта білім. Негізгі ережелер. – Астана, 2006.
4. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы //Егемен Қазақстан, 16 қазан, 2004 жыл.
5. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы // Егемен Қазақстан, шілде, 2007ж.
6. Мұхамеджанов Б.Қ. Студент: әлеуметтік бітімі, жай-күйі, құндылықтарының көзқарастық бағдарлары: социология ғыл.канд.дисс... ҚР, Түркістан, 1999. – 92 б.
7. Джуринский А.Н. История образования и педагогической мысли. Учебное пособие для студентов высших учебных заведений.М., 2003 – 97 с.
8. Педагогика: Учебное пособие для студентов высших педагогических учебных заведений / Под ред. В.А. Сластенина – М.: Академия, 2002. – 368 с.
9. Мұханбетжанова Ә.М., Мұқанбетова Ш.Т. Педагогиканың жалпы негіздері. Орал, 2013. – 80 б.

УДК 371.213.(075.8)

ВОЗМОЖНОСТИ СИСТЕМЫ ВНЕКЛАСНОЙ РАБОТЫ В ФОРМИРОВАНИИ ДУХОВНО-ПРАВСТВЕННЫХ ЦЕННОСТЕЙ

Сапашева К.Х., Камиева А.Г.

Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет, г.Уральск

Аннотация: В статье освещены вопросы воспитания как важной части педагогического процесса, сложности эффективной организации внеурочного времени учащихся. Отмечено, что в случае школы ответственность за воспитание учащихся возлагается на классных руководителей. Показано как эффективная организация воспитательных мероприятий зависит от качества знаний и педагогического мастерства классных руководителей.

Ключевые слова: воспитание, педагогический процесс, качество знаний, классные руководители, семья.

ӘОЖ 37.015.(075.8)

ОҚУ ІС-ӘРЕКЕТІ БАРЫСЫНДА АҚЫЛ – ОЙЫ БАЯУ ДАМЫҒАН ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҚАБЫЛДАУЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Ахметов М.Г., Кәрімбаева Ж.А.

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ.

Аннотация: Мақалада қабылдаудың биологиялық тұрғыдан тұрақтылығы мен өзгергіштігінің зияны бірдей деуге болады. Егер дүниедегі заттар үнемі өзгеріп тұратын болса, онда біз өмір сүрген ортаға бейімделе алмай, алыс-жақынды ажырата алмас едік. Марбург мектебінің зерттеушілері мұндай тәжірибелерді одан әрі іздестіре отырып, қабылдау бейнелерінің өзгеріштігі эйдетикалық (айқындық) сипатта болады деді. Эйдетикалық бейне Эмарт заңына бағынбайды. Өйткені заттар көзден қашықтаған сайып шамасынын кішіреюі бірден өзгермей, баяулап барып өзгереді.

Негізгі сөздер: ойлау, интеллект, қабылдау, ақыл-ой, психика, қабілет, таным, мінез-құлық, кезең, психология.

Соңғы жылдары арнайы білімнің жаңа парадигмасын құру және оны жандандыру жөнінде жиі сөз қозғалып жүр. Ақыл-ой кем балалардың қабылдау ерекшеліктерін кеңес психологтары жүйелі зерттеген. Осыған байланысты ғылыми-педагогикалық қоғамның алдына қойған мақсаты ақыл-ойында ауытқушылығы бар балалардың тәрбиесі мен білімдерін жетілдіру және олардың әлеуметтік психологиялық-педагогикалық маңызды мәселе болып табылады.

Ақыл – ойы кем баланың психикалық құрылымы аса күрделі болып келеді. Алғашқы кемістік, басқа туынды кемістіктердің пайда болуына жағдай жасайды. Баланың психикалық жетілмеуі мен танымдық қабілеттерінің бұзылуы, тұлғалық бұзылу алуан түрлі күйде көрінеді. Таным мен мінез – құлық кемістіктері, айнала қоршаған ортадағы адамдардың назарын еріксіз өзіне аударады. Бірақ, өзге қабілеттері мен жағымды қасиеттері, бұлардың орнын толтырады және даму үдерісін қамтамасыз етеді[1].

Олигофрен балалар жалпы алғанда, дамуға қабілетті, бірақ бұл үдеріс өте баяу, қалыпты дамудан әлдеқайда ауытқу арқылы жүзеге асады. Сөйте тұра, мұндай даму балалардың психикалық әрекетіне сапалық өзгерістер енгізе алады.

Қабылдау - адами қатынастың маңызды функциясын атқаратын өте күрделі, адам психикасының көп жүйелі процесі.

Егер қабылдау нәрестелік кезеңнен бастап нәрселердің тұтас бейнесі ретінде қалыптасатын болса, онда балалар мен ересек адамдардың қабылдауы арасында қандай айырмашылық бар?

Бұл мәселені шешуде құбылым психологиясының өкілдері өздерінің осалдығын байқатты және өздері іздестірген фактілер мен теориялық тұжырымдарын дәйектей

алмады. Құрылым психологиясының қабылдау процесі жайындағы дәрменсіздігі бір жағынан, бұл ағымның зерттеу жүргізудегі методологиялық саяздығын көрсетсе, екінші жағынан, тұтастық деген ұғымның мәнісін түсіндіруде метафизикалық көзқарасқа ұрынғанын байқатты. Нәтижесінде құрылым психологиясы ағымындағы бірімен-бірі сабақтас екі пікірмен ұштастық таанытады. Оның бірі – К.Гельшат пен К.Коффка зерттеулері болып табылады. Бұл екеуі де қабылдаудың адамның даму кезеңдеріне орай қалайша даму сипаттарын ажыратып көрсете алмады. Ал екіншісі – Фолькельттің өз зерттеулерінде қабылдау адамның барлық даму сатыларында нәрестелік кезеңде қалыптасқан біртұтас құрылымды сипатта болады деп анықталады. Ол барлық нәрсе өзгеріссіз өз күйін сақтайды деген пікірге сүйенді[2].

Қабылдаудың биологиялық тұрғыдан тұрақтылығы мен өзгергіштігінің зияны бірдей деуге болады. Егер дүниедегі заттар үнемі өзгеріп тұратын болса, онда біз өмір сүрген ортаға бейімделе алмай, алыс-жақынды ажырата алмас едік. Марбург мектебінің зерттеушілері мұндай тәжірибелерді одан әрі іздестіре отырып, қабылдау бейнелерінің өзгеріштігі эйдетикалық (айқындық) сипатта болады деді. Эйдетикалық бейне Эмарт заңына бағынбайды. Өйткені заттар көзден қашықтаған сайыш шамасының кішіреюі бірден өзгермей, баяулап барып өзгереді.

Осы әдіспен жүргізілген тәжірибелер (нәрселердің түсінің өзгеріп қабылдауы мен эйдетикалық бейнемен қабысуы) шындықты дұрыс бейнелей алатындығын көрсетті. Осы зерттеудегі шындықтан ауытқу 1/10 бөлікке тең болса, ал теориялық есептеу мен нақты тәжірибе арасындағы алшақтық 1/5 бөліктей болып шықты.

Бұл мәселені жүйелеп теориялық жағынан қорытындылаудың мынадай өзара ұштасты екі түрлі мәселенің мәніне тоқталып өтуді қажет деп санаймын. Оның бірі – мағыналы қабылдау, бұл ерекшелік бір-қалыпты дамып, ой-өрісі жетілген адамға тән қасиет.

Қабылдаудағы екінші ерекшелік – ересек адамдардағы тұрақтылық пен мағыналық Мысалы, менің қолымдағы жазу дәптерім төрт бұрышты, ақ қағаздан жасалып, жазуға арналған. Ассоциация психологиясының түсінігінше де бұл жазу дәптерінің аты мен мәнін бейнелейді. Оның үстіне жазу дәптерін пай-даланушы өз пікірін қосып қабылданған заттың мәнін толықтырады.

Үшінші мәселе – қабылдаудың мағыналығы өзіндік тиянағы бар мәселе. Бұл мәселені зерттеу әуел бастан-ақ белгілі болып, суреттерді қабылдау тәжірибесімен анықталған-ды. Бұл жәйт балалардың мағаналы қабылдауының сырын ашты. Балалардың жас даму ерекшелігіне ыңғайланып жүргізілген мың сан тәжірибелер статистикалық әдістер арқылы қорытылады. Осы тәжірибелерге балалардың жасына қарай сан алуан сурет көріністерін түрлі мағынада қабылдау деңгейін көрсетті. Бала қабылдауының дамуы төрт сатыға - заттылық, әрекет, сапа және қатынастарға бөлінеді. Осы көзқарасқа сәйкес, 3 жастағы бала әлемді және заттардың жиынтығы ретінде қабылдаған болса, кейінірек ақиқатты әрекет етуші заттар мен адамдардың жиынтығы ретінде қабылдап, одан кейінірек, ара қатынастарды жүзеге асыратын ойлауға алмасып, ақиқатты байланысқан бүткел ретінде қабылдай бастайды. Қазіргі уақытта психологтар бала қабылдауының даму барысын осылайша бейнелейді[3].

Ж.Пиаженің пікірінше, зейіннің құрылымы мен ұйымдасуы ең алдымен оның эгоцентрлік ойлауымен байланысында сипатталады. Бала ойлауының тәсілдері оның зейінінің сипатын анықтайды. Сондықтан бала үшін оның өзіне тән, тікелей, нақты қабылдауы мен дерексіз ойлауының арасында айырмашылық орын алады. Ол заттарды олардың бір-біріне қатысты ішкі қатынастарында емес, үнемі тікелей қабылдауда көрінетін қатынастарында қарастырады. Бастауыш сыныптың ақыл – ойы баяу дамыған оқушылар өмірде заттың әртүрлі пішінін, түсін көріп, өнер туындыларымен танысып жатады. Алайда үлкендердің педагогикалық басшылығынсыз, оқушылардың өз бетінше меңгеру деңгейінің толыққанды да тың болуы екіталай[4].

Сенсорлық эталондарды меңгеру – бұл кіші сыныптың ақыл – ойы баяу дамыған оқушыларының жас шамасы деңгейімен шектелмейтін ұзақ та күрделі процесс. Ол – әрбір қасиет-белгінің түрлері туралы түсінігінің болуы және, ең бастысы, әртүрлі жағдайда сан алуан заттардың қасиеттерін анықтап, талдау үшін сол білім-түсінікті іс жүзінде қолдана білу. Басқаша айтқанда, сенсорлық эталондарды меңгеру дегеніміз – бұл заттың қасиеттерін бағалау барысында оларды «өлшем бірлігі» ретінде пайдалана білу.

Заттың пішінін, шамасын, түсін тану аспектісінде жүзеге асатын кіші сынып оқушыларының сенсорлық мәдениетінің тәрбиесі қабылдау қабілетін дамыту ісінің негізгі мазмұнын құрайды. Бұл заңды да, өйткені заттың пішіні, шамасы, түсі туралы мағлұмат ақиқат шындықтың құбылыстары мен заттары жөніндегі түсініктің қалыптасуы барысында маңызды рөл атқарады. Пішін, шама, түсті дұрыс қабылдау – мектептегі оқу пәндерін жақсы меңгерумен қатар, шығармашылық қабілеттің қалыптасуы үшін де өте қажетті.

Қазіргі мәліметтерді негізге ала отырып, кемістіктің басты анықтаушыларын табуда анықтаушы немесе синдром екеу: Олар С.Я.Рубинштейн белгіленген танымдық қызығушылықтың жаңа әсерлерге деген қажеттіліктің аздығы, бағыт бағдарлаушы іс – әрекеттердің әлсіздігі, екіншіден, жаңаны қабылдауға, білім алудағы қиындық болып саналады. Жылдар өткен сайын зият (ақыл-ой) зақымдалуына түсініктердің аздығы, ойлаудың үстіртіндігімен нақтылығы, яғни жалпылап қорытудың әлсіздігі, эмоциялық ерік сферасының дамымай қалуы қосылады. Зияты зақымдалған балалардың психикасы қалыпты дамыған балалардың психикасына ұқсас емес. Анықталған мәліметтер бойынша зият зақымдалуының пайда болуына себепші болатын патогенді факторларды 3 түрге бөлуге болады. Ата–анасының генеративті жасушалардың жетілмегендігі, жатыр ішінде даму кезінде ұрыққа жағымсыз немесе зиянды әсер ететін жарақаттар және 3 жасқа дейінгі баланың жүйке жүйесінің постнаталдық зақымдануы (инфекция, травма, жарақат, күйіктер) [5].

Сонымен, қабылдаудың маңыздылығы дене және ақыл-ой еңбегінің кез келген түрінен аңғарылады. Әрбір жас кезеңіндегі кіші сынып оқушысының әлеуетті мүмкіндігінің заңдылығын ескеру – бұл қабылдаудың теориясын танытады. Ол – қабылдаудың тәрбие-білім беру кешенінің (әрекет ету білімі мен дағдылары, қоршаған орта түсін, пішінін және басқа да қасиет-белгілерін дұрыс және дәл қабылдау т.б.) ғылыми тұрғыдан дәйектелген бағдарламасының болуын талап етеді. Сондай-ақ кіші сынып оқушысы өмірінің әрбір кезеңіндегі мүмкіндігі мен жас ерекшелігін ескеру қажеттілігін есте сақтаған жөн.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты. Жарты орта білім. Негізгі ережелер. – Астана: - 2006.
2. «Инклюзивное образование в России». Rian.ru сайты. 20.08.2011.
3. Л.П. Григорьева, Н.Н. Зислина, В.А. Толстова. Физиология человека. – М.: Просвещение, 2002. – 178 с.
4. Тихомирова Л.Ф., Развитие познавательных способностей у младших школьников М.: Просвещение, 2002. – 134 с.
5. Фонарев А. М., Развитие ориентировочных реакций у младших школьников М.: Просвещение, 2004. – 153 с.

УДК 37.015.(075.8)

ПСИХОЛОГО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ ФОРМИРОВАНИЯ ВОСПРИЯТИЯ УЧАЩИХСЯ С ЗАДЕРЖКОЙ В РАЗВИТИИ В ПРОЦЕССЕ УЧЕБНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ

Ахметов М.Г., Кәрімбаева Ж.А.

Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет, г.Уральск

Аннотация: В статье рассматриваются как процессы мышления и восприятия объединившись, воспринимаются интеллектом и превращаются в иллюстративное мышление. Отмечено, что объекты восприятия вступив в связь регулируются посредством мышления и приобретают причинно-следственные значения. И определено как речь приводит к осмысленному восприятию, анализу истины и построению высших функций вместо простых.

Ключевые слова: педагогика, психология, мышления, процессы восприятия, формирования, развития в процесс.

ӘОЖ.37.016

«МӘҢГІЛІК ЕЛ» ИДЕЯСЫ – ОТАНШЫЛ ҰРПАҚ ТӘРБИЕЛЕУДІҢ НЕГІЗІ

Даулетов Н.Д., Тулеуова Н.А.

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ.

Аннотация: Бұл мақалада мектеп жасындағы балаларға Отан, мемлекет, туған жер, ел, атамекен, туған өлке туралы білім беру мәселесі қарастырылады. Отанға деген сүйіспеншілік сезімін дамытуды, ұлттық салт-дәстүрді және мемлекет рәміздерін құрметтеуге тәрбиелейді. Ең алдымен осы ұғымдардың мәнін бүгінгі жастарға жан – жақты аша білу керек.

Кілт сөздер: Отан, патриотизм, «Мәңгілік Ел», мемлекет, туған жер, ел, атамекен, туған өлке.

Тәрбие ең қастерлі саналатын Отан, мемлекет, туған жер, ел, атамекен, туған өлке туралы оқушыларға нақты түсінік берудің тиімділігін арттыруды қарастырады. Отанға деген сүйіспеншілік сезімін дамытуда, ұлттық салт-дәстүрді және мемлекет рәміздерін құрметтеуге тәрбиелейді. Ең алдымен осы ұғымдардың мәнін бүгінгі жастарға жан – жақты аша білу керек. Бұл істе педагог, философ ғалымдар мен ақын-жазушылардың ой-пікірлеріне сүйенген жөн. М. Әуезов ел қорғайтын азамат тәрбиелеуді, ата салт, ана тілін құрметтеуден және «Отанды сүй» деген киелі сөздің «сүю» деген мағынасын ұялата білуден басталуы тиіс деп қарайды. Отаншылдыққа тәрбиелеу - ұлттық қауіпсіздік жүйесімен шектесетін ең өзекті мәселелердің бірі.

Еліміздің Президенті Н.Ә. Назарбаев біздің еліміздің ұзақ мерзімді даму әлеуеті шеңберінде абзал міндеттерінің бірі ретінде қазақстандық патриотизмді қалыптастырудың міндеттерін айқындап берді. Елбасы жыл сайынғы өзінің жолдауында жастардың отаншылдық тәрбиесіне баса назар аударады. Елбасының тапсырмасымен «Мәңгілік Ел» патриоттық актісі әзірленді. Бұл құжаттың мемлекеттік маңыздылығы Қазақстан білім ұйымдарының басшыларын, мұғалім-практиктерді патриоттық тәрбиенің жеті қағидаты формасындағы «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясын түсіндіру жұмыстарын жүргізуге белсенді кірісуге міндеттейді. Тәрбие іс-әрекетінде, сыныптан тыс оқытуда, аталған бағыттар бойынша жұмысты күшейтудің қажеттігі оны жандандырады. «Мәңгілік Ел» идеясын жүзеге асыратын және оны одан әрі дамытатын бүгінгі жастар екені белгілі. Жастар осы ұлттық идеяны жүзеге асыру үшін өз Отанын сүйетін ұлтжанды, патриот болулары керек. Патриотизм біздің қазақстандық жастар үшін этностарды бөлшектейтін, жіктейтін, бір-біріне қарсы қоятын күш емес, керісінше, біріктіретін күш ретінде мойындалуы тиіс және олардың ментальдық болмысында қағида ретінде қалыптасуы қажет.

Ел мәртебесі, оның асқақтығы мен биіктігі, тұтастығы мен мызғымастығы тек әділеттілік пен өзараынтымақтастық пен сыйластық негізінде қол жеткізілуі тиіс. Қысқасы, бүгінгі қазақстандық жастарды осы аталған позитивті бағытта тәрбиелеудің маңызы зор. Қазақ біртұтас, мемлекет құраушы ұлт деген ой жетекші күшке айналуы тиіс. Бұл - басқа этностық топтар алдындағы артықшылық емес, керісінше, асқақ жауапкершілік әрі бұл қазақтан асқақ саяси мәдениеттілікті талап етеді. Республикамыз бір саяси құрылымнан екіншісіне ауысып, басқару жүйесі жаңа сападағы қарым-қатынасқа бет бұрған өтпелі кезеңде мектептегі тәрбие жұмыстарында да қиындықтар бар. Бұндай жағдайда заман ағымына қарата пайда болған тың ұғымдарды айқындап, оларға анықтама беру қажет. Өйткені, сол ұғымдар арқылы оқушылар санасында білім қалыптасып, ол өз кезегінде оның іс-әрекетіне бағыт береді. Біздің пайымдауымызша, патриотизмге тәрбиелеуде сүйенетін негізгі ұғымдар: «ұлттық патриотизм» және «қазақстандық патриотизм».

Ұғым дегеніміз – заттар мен құбылыстардың жалпы айырмашылықтарының белгілі жиынтығы. Демек, соның негізінде ой жүгірткен жөн. Ол ғылыми және практикалық білімдерді қалыптастыруда қолданылады. Ұғымдар негізінде пікір, 36 ой-тұжырымдар қалыптасып, қорытындылар мен пайымдаулар жасалады. «Отаншылдық» пен «патриотизм» сөздерін қарап, бірдей қолдануда қайшылық жоқ. Бұл жерде «ұлттық патриотизм» және «қазақстандық патриотизм» ұғымдары арқылы Отан, туған жер, ел, атамекен, мемлекет, туған өлке, туған халқы туралы нақты түсініктер берудің тиімділігі арта түспек. «Ұлттық патриотизм» және «қазақстандық патриотизм» ұғымдарына анықтама беріп, олардың мазмұнын жасау Отансүйгіштік сезімді дамыту, ұлттық салт-дәстүрді ұстану және мемлекет рәміздеріне құрмет қалыптастыру, т.б. тәлім – тәрбиелік мүмкіндіктерді кеңейте түседі. Біз педагог ғалымдар мен ақын-жазушылардың ой-пікірлеріне сүйене отырып, «ұлттық патриотизм» және «қазақстандық патриотизм» ұғымдарына анықтама беруге болады. «Ұлттық патриотизм» және «қазақстандық патриотизм» ұғымдарына анықтама беру арқылы бұдан былайғы кезде мектеп оқушыларын патриотизмге тәрбиелеудің бағыттарын анықтауды мақсат етіледі. Бұл ретте, әрине, тарихи- педагогикалық, теориялық, философиялық, әдістемелік, т.б. материалдарға сүйенеміз.

Отаншылдық сезімінің объектісі мен қайнар көзі- Отан; оның қайнар көзі: туған жер, табиғат, оның байлықтары, тіл, дәстүр, тарихи, ескерткіште, туған өлкезегікиелі орындар. Қазақстандық патриотизм – ол тек қазақтардың ғана өз Отанына сүйіспеншілігі емес, онда мекендеген бүкіл ұлт пен ұлыс өкілдерінің бәріне қатысты дүние. Бірақ ешкімді де елін, Отанын зорлықпен, күштеп не үгіттеп жел сөзбен алдап – арбап сүйгізе алмайды. Елін сүю – әркімнің жеке ісі, өз арының ісі. Қасиетті сезім ананың сүтімен бірге өзі келмейді, ол адам өсе, есейе келе өз ақылы өзіне жетіп, өз басымен тіршілік ете бастағанда адамзаттың байында біртіндеп қалыптасатын құдіретті сезім. Бұл сезім әркімде әр кезеңде (яғни әр түрлі жаста) оянып, кейін кәметке келгенде біржола буыны қатып, тәжірибемен, жаспен, уақытпен, біліммен, қоршаған ортаның ықпалымен, мемлекеттік және қоғамдық социологиялық институттардың (балабақша, отбасы, мектеп, жоғары оқу орындары, бұқаралық ақпарат құралдары, қоғамдық ұйымдар, саяси ұйымдар мен қозғалыстар) әсерімен қалыптасады.

Патриоттық сезім тұлғаның тектілігінен туындайды. Ол тәрбие арқылы өсіп, жетіліп патриоттық сана түрінде қалыптасады. Сондай-ақ, жеке адам белгілі бір ұлтқа тән екендігін түсініп, сезінуі, өз ұлтының қасиеттерін бойына сіңіруі тиіс. Ұлттық патриотизмді ұлт және патриотизм туралы екі ұғымның жадағай қосындысы деп қарауға болмайды. Ғалымдар «ұлттық патриотизм – қанмен, тектілікпен туа біткен қасиеттердің тәрбие арқылы бекіп, нығаюы, елін, жерін шексіз сүйіп, соған қызмет ету, ұлттың барлық қасиеттерін ардақтау» деп көрсетеді. Тарихи материалдарды, мұрағат құжаттарын зерттеу, тарихи философиялық әдебиеттермен танысу, ғылыми – педагогикалық материалдарды зерттеп, талдау барысында және мерзімді басылымдарды зерделеу

нәтижесінде біз қазақстандық патриотизм деген терминнің кейінгі кезде пайда болғандығына, Қазақстанның егемен ел болуына қатысты туындағанына куәміз. Қазақстандық патриотизмді Отанымыздың тәуелсіз мемлекет болуымен байланысты болуы дәлел. Жоғарыда аты аталған және басқа бір топ педагог, философ ғалымдар қазақстандық патриотизм және ұлттық патриотизм туралы пікірлерін ортаға салған. Біз негізінен қазақстандық патриотизм ұғымына анықтама беруде осы пікірлерді негізге алдық. Мемлекетіміздегі қазіргі әлеуметтік, саяси – экономикалық жағдайларды, халықтың сана-сезімінің қалыптасу үрдісін ескере отырып, қазақстандық патриотизмнің қалыптасуына мемлекетке атын беріп отырған қазақ халқының бойындағы ұлттық патриоттық қасиеттердің ықпалы мол екенін көруімізге болады. Жалпы, патриоттық сезімнің қай-қайсысының болсын қалыптасуы отбасы тәрбиесінен (балабақшадан) бастау алатыны белгілі.

Сондықтан халқымыздың қаһарман батыр ұлы Б. Момышұлы мен жазушы Ә. Нұршайықов, т.б. пікірлеріне сүйене отырып, отбасында патриотизмге тәрбиелеу, ана тілін үйрету, ұлттық мінез - құлық қалаптастыру, ұлттық салт дәстүрді сақтау, шыққан ата-тегін білу және сезінуден басталып, халқына сүйіспеншілік, тарихи дәстүрлерді сақтау, одан соң туған жеріне, Отан ына деген сүйіспеншілік, т.б. асыл қасиеттер өсе келе мектепте ары қарай дамып қалыптасуына 37 шарт түзілуі керек. «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясының құндылығының пән салалары бойынша қалай меңгеруге болады? Оның бір нұсқасы жылдық тақырыптық – күнтізбелік жоспарды әзірлеу барысында пән бойынша оқылатын материалдарды сәйкестендіру. Егер, материалдың көлемі мен қайталанып келуін ескерсек, пән бойынша оқушыны жүктеу олардың сапалы меңгеруіне мүмкіндік бермейді, ал кіріктіріп оқыту және пәнаралық байланысты орнату оқу мүмкіндіктерін кеңейтеді. Патриоттық сезім табиғатында сан қырлы, ол жеке тұлғаның барлық қырларын біріктіреді: адамгершілік, еңбек, ойлау, эстетикалық, сонымен қатар, физикалық дамуын және бірыңғай нәтиже алу үшін әрбір қырынан әсер етуді ұсынады. «басты қала – Астана болып табылатынын білуі қажет. Бұл қала олар үшін басты қала себебі, онда олардың үйі, мектебі, достары бар. Патриоттық сезім табиғатында сан қырлы, ол жеке тұлғаның барлық қырларын біріктіреді: адамгершілік, еңбек, ойлау, эстетикалық, сонымен қатар, физикалық дамуын және бірыңғай нәтиже алу үшін әрбір қырынан әсер етуді ұсынады. «Мәңгілік Ел — бұл — Тәуелсіздік және Астана» құндылықтарға баулудың негізгі нәтижесі сабақ арқылы балалардың туған қаласына, оның әдемі көшелеріне, даңғылдарына, қаланың сәулеті көрікті жерлеріне деген мақтаныш сезімі болуы қажет. Экскурсия барысында олар қаланың өзеннің үстінде және оның бір бөлігі оң жағалауда, бір бөлігі сол жағалауда орналасқанын біледі. Айнала қоршаған күзгі тірі табиғатты – саябақты, бақты, гүлзарларларды бақылау арқылы олардың өзгергенін байқайды. Төменгі сынып оқушылары біздің елімізде басты қала – Астана болып табылатынын білуі қажет.

Бұл қала олар үшін басты қала себебі, онда олардың үйі, мектебі, достары бар. Патриоттық тәрбие берудің ең күшті құралының бірі өлкетану болып табылады – табиғатты тану, туған өлкенің шаруашылығы мен тұрғындары, жергілікті қауымдастықтың өмірін жақсарту мақсатындағы олардың өткені мен қазіргісі. Бұл бағыт өзінің бейнесін білім берудің өңірлік қағидаттарынан, оқушылардың туған өлке туралы толық, терең мазмұнды білімі мен туған өлке табиғаты мен туған жерге деген махаббат сезімінен, өз халқының салт- дәстүріне арналған құрметінен табады.

Ұлттық-өңірлік компонентте таңдалған педагогикалық, географиялық материалдар: - тұрғылықты мекеннің тарихи, мәдени, ұлттық, географиялық табиғи-экологиялық, өзіндік ерекшелігін; - аймақтық даму ерекшелігін ашумен түсіндіріледі; Жыл сайын 1-қыркүйекте өткізілетін Білім күні балаларды және оқушы жастарды өз Отанының игілігіне шексіз сүйіспеншілігі аясында құрылатын Отаншылдыққа үйретуі қажет. Жас ұрпақта өз Отанына, өз халқына деген махаббат басқа халыққа шексіз құрмет көрсету сезімімен жалғасуы тиіс.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы-1995ж.
2. Н.Назарбаев «Қазақстан жолы-2050: бір мақсат, бір мүде, бір болашақ» Жолдау-2014ж.
3. Н.Назарбаев «Мәңгілік Ел» Патриоттық актісі. Алматы-2016ж.
4. «Мәңгілік Ел» Патриоттық актісін түсіндіру бойынша әдістемелік құрал. Астана-2016ж.
5. Н.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру», «ЕҚ», 12сәуір. 2017ж.
6. Т.Бурбаев. «Нұрлы жол-баянды, Мәңгілік Ел» «ЕҚ», 11 ақпан 2015ж.38

УДК.37.016

ИДЕЯ «МӘНГІЛІК ЕЛ» – ОСНОВА ПАТРИОТИЧЕСКОГО ВОСПИТАНИЯ ПОКОЛЕНИЙ

Даулетов Н.Д., Тулеуова Н.А.

Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет, г.Уральск

***Аннотация:** В данной статье школьного возраста, детей, государство, страна, отечество, родной край рассматривается вопрос об образовании, развития чувства любви к родине, национальных традиций и воспитывает уважение символов государства.*

***Ключевые слова:** Родина, патриотизм, «Мәңгілік Ел», родной край.*

ӘОЖ 37.035.6

ОРТА АРНАУЛЫ БІЛІМ БЕРЕТІН ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ҚҰНДЫЛЫҚТАР НЕГІЗІНДЕ ТӘРБИЕЛЕУДІҢ ҚАЖЕТТІЛІГІ

Досмырза Р.Ж.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, Ақтөбе қ.

***Аннотация:** Мақалада орта арнаулы оқу орындарында білім алушыларының өзіндік психологиялық ерекшеліктері және оларды тәрбиелеу барысындағы рухани-адамгершілік құндылықтары негізінде қалыптастырудың құрлымы мен мазмұны туралы мәселелер жан- жақты ғылыми мәліметтер негізінде қарастырылады.*

***Кілт сөздер:** Орта арнаулы оқу орны, колледж білім алушылары, рухани тәрбие, рухани –адамгершілік құндылықтар, тәрбиелеу, тәрбие үрдісі, рухани-адамгершілік тәрбие.*

XXI ғасыр – әлемдік аренада саны мен сапасы мығым ұлттар мен ұлыстардың одан әрі нығаятын, замана көшіне ілесуге қауқарсыз әлсіз этностардың құрдымға кететін ғасыры екен. Дей тұрғанмен, жаһандану мен интеграция ғасырының бұл да бір шартты қырларының бірі болып қалмақ. Сондықтан да, қазір және болашақта еліміздің әрбір азаматының сегіз қырлы, бір сырлы болуы маңызды мәселе. Еліміздің заман талабына сай жан-жақты дамуының жаңа бағытын жаһандық құбылыстарды зерделеп, оның проблемаларын ескеру негізінде, адами капиталды дамыту - болашақ қоғамды жаңғыртудың негізі әрбір мемлекет азаматына өз міндеттерін жүктейді.

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы ел дамуының жарқын үлгісі мен нақты қадамдарын көрсететін келелі ой, салиқалы пікір, батыл шешімдерге құрылған маңызды құжат. Бұл қоғамдық мәні зор мақалада бүгінгі жеке тұлға санасын жаңғырту, ұлттық болмыстан, ұлттық кодтан айырылып қалмай, оны әлемдік құндылықтармен үйлестіріп, Қазақстанның игілігіне жарату жолындағы мақсат-мүдделер туралы өзекті мәселе көтеріліп отыр. Бүкіл дүниежүзіне экономикалық дағдарыс пен терроризм, лаңкестік қауіп-қатер төніп тұрған кезеңде мемлекетіміздің өркениетке қарай батыл қадам жасап, оның ішінде ұлттық құндылықтарды сақтай отырып, рухани жаңғыруға ұмтылуы болашағының жарқындығынан, жолының нұрлылығынан, елінің мәңгілігінен дерек береді деп ойлаймыз.

Рухани жаңғыру – адам баласының оның ішкі әлемінің жаңаруы, сана-сезімі, жаңа өзгерісті қабылдай білуі. Рухани жаңғыруда өркениеттің өрге жүзуімен байланыстырамыз. Тарих сахнасына көз жүгіртсек, өскен ұлттың өрби түсуіне осы «рухани жаңғыру дәлел». Мемлекеттің жүйелі әрі қарқынды түрде дамуын көздейтін кез-келген стратегиялық бағдарлама халықтың, сол мемлекет азаматтарының жауапкершілігімен ғана жүзеге асады. Бұған дәлел ретінде тарихымызды айтуға болады. Кезінде ел мүддесіне бір кісідей жұмылған 39 алаш тұлғаларының сын сағаттағы жауапкершілікті сезінуі халқымыздың қоғамдағы рухани негізіне айналған дүниелермен ұштасты. Сол сияқты Елбасы жолдауында зерделенген мәселелер бүгінгі таңда қоғамның ішкі тұтастығымен, халықтың елдігімен ұрпақтың жасампаздығымен оңтайлы жүзеге асатындығы мәлім. Бүгінгі ұрпақ - ертеңгі болашақ екенін ескерер болсақ, бәсекеге қабілетті, жаңа уақыттың өктем талабына үн қоса алатын азамат тәрбиелеу – бүгінгі күннің ең маңызды басымдылығы. Халқымыз тек әлеуметтік-экономикалық, саяси тұрғыдан ғана емес, рухани жаңғыруға да ұлттық бірегейлік тұрғыдан дайын болуы тиіс. Ұрпақ тәрбиесіне құндылықтық бағытта жаңаша көзқараспен қарау, озық мәдениет үлгісіне үйлесімділік қосу, белсенділікті дамыту, тұлға еркіндігін жан-жақты қалыптастыру – басты мәселе болып отыр. Себебі, тұлғаның даму өзегі – рухани – адамгершілік құндылық, ал субъектісі адамның әрекеті мен қалыптарының рухани және адамгершілік қасиеті болып табылады. Сондықтан, рухани- адамгершілік құндылық тұлғаның өмірдегі өз орнын табуға, қоршаған ортадағы мәдени тұтастықты қалыптастыратын жиынтық. Демек, бұл жиынтықтың рухани-адамгершілік маңызы – адамның үйлесімді дамуы, оның ізгілікке бағытталуы, психологиялық жан-күйінің болуымен сипатталады. Дамудың негізі білім мен ғылымға келіп тіреледі. Сондықтан да, әлемдегі дамыған елдер сияқты Тәуелсіз елімізде білім жүйесі сапасын жетілдіру ең негізгі өзекті мәселелердің бірі болып отырғаны белгілі. Осыған орай, білім беру жүйесінде жастарға сапалы білім беріп, олардың үйлесімді дамуы мен тұлға ретінде қалыптасуында ұстаздың кәсіби шеберлік көрсеткіштерінің бірі - жалпы педагогикалық, ғылыми- теориялық, әдістемелік жаңалықтар мен озық тәжірибені жетік меңгерудің маңызы зор.

Қазіргі ұстаздар алдындағы міндет: ғылым мен техниканың даму деңгейіне сәйкес оқушының білімі терең, іскер және ойлауға қабілетті, әлемдік стандарттар негізінде жұмыс істей алатын құзырлы тұлғаны қалыптастыру. Мұндай талапқа сай қызмет істеу үшін ұстаз үздіксіз ізденісте кәсіби білікті болуы тиіс. Соңғы жылдары қоғамда болып жатқан жағдайлар тәрбиеге өз әсерін тигізуде. Мәселен, әлемдік мәдениеттің кірігуінде жақсы жағынан гөрі, жағымсыз жағының артуы, санаға әр түрлі ақпарат құралдары, теледидар, баспасөздегі жарнамалармен дәріптелуі, қатыгездік, өзімшілдікті өнегелерін көрсету табыс көзіне айналуы, тәрбие жұмысы әдістерінің біржақтылығы, әлеуметтік жағдайлардың нашарлануы және т.б. Міне, осындай қоғам талабынан туындаған жағымсыз әдеттерді көріп отырған ұрпаққа, дәстүрлі әдеп жүйесіндегі құндылықтарды сақтай отырып, әлемдік ынтымақтастықтың жаңа үлгісіне көшудегі міндеттер біз көтеріп отырған мәселенің қоғам талабына туындаған өзектілігін дәлелдейді.

Қоғам талабынан туындаған факторлардан жеке тұлға болып қалыптасуы барысында колледж білім алушыларының басым көпшілігі өзінің алған білімін толық меңгере отырып, қажеттілігіне орай жауапкершілікті сезініп орындайды. Зерттеуші В.И.Бодчикова – бұл жас олардың жеке даралану кезеңі-дейді. Бұл жастағы жасөспірім бойында - өзіндік рефлексия, өзінің жеке ерекшелігін тану, өмірге деген жеке көзқарас жоспар құру, өзіне деген қажеттілікті сезіну, ересектікке ұмтылу сияқты өмірлік құндылығы айқындалады. Өйткені, ел болашағы жеткіншектерге рухани-адамгершілік құндылықтар негізіндегі тәрбиеде еңбек пен әдепті, ар мен намысты, отаншылдық пен парасаттылықты, жауапкершілік пен батылдықты, мейірбандықты, қайырымдылықты ерекше басымдылықпен дамыту маңызды болмақ.

Білім алушылар рухани-адамгершілік құндылықтар негізінде тәрбиелеу мәселелері көптеген ғылыми зерттеулерге арқау болған. Жаңа үшінші мыңжылдықта алдыңғы қатарлы өркениетті елдермен қатар Қазақстан ғылым мен білімді әлемдік ақпараттық, білім және ғылым кеңістігіне халықаралық талаптар мен стандартқа және ұлттық ерекшелікке сай үйлесімді жетілдірудің жолдарын қарастыруда. 40 Осы кезде ұлттық мәдениеттің тарихы кеңейіп, қайта жаңғырып өркендеуі, халықтардың (ұлттардың) өз рухани мұраларын, дәстүрлерін қастерлеуі әлемдік жаһандану үрдісіне енудегі өзіндік дербестігінің айғағы. Бұл міндеттерді шешуде адамзаттың рухани байлығы болып саналатын білім мен ілім мәдениетінің жаңа парадигмасына сай білім – ғылым – мәдениет – менталитет – дүниетанымнама – сезім – өзіндік сана – көзқарас – мұрат арасындағы байланыстарды

УДК 37.035.6

В СРЕДНИХ СПЕЦИАЛЬНЫХ УЧЕБНЫХ ЗАВЕДЕНИЯХ ДУХОВНО- НЕОБХОДИМОСТЬ ВОСПИТАНИЯ НА ОСНОВЕ ПРАВСТВЕННЫХ ЦЕННОСТЕЙ

Досмырза Р. Ж.

Актюбинский региональный государственный университет имени К. Жубанова, г.
Актобе

***Аннотация:** В статье на основе всесторонних научных данных рассматриваются вопросы о структуре и содержании формирования обучающихся в средних специальных учебных заведениях на основе их психологических особенностей и духовно-нравственных ценностей в процессе их воспитания.*

***Ключевые слова:** среднее специальное учебное заведение, обучающиеся колледжа, духовное воспитание, духовно-нравственные ценности, воспитание, воспитательный процесс, духовно-нравственное воспитание.*

ӘОЖ 159.928.235

СТУДЕНТТЕРДІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТ ДАМУЫ МӘСЕЛЕСІНІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ӘДЕБИЕТТЕРДЕГІ КӨРІНІСІ

Кинжекова Р.С., Аймағанбетова А.Б.

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ.

***Аннотация:** Мақалада студенттердің шығармашылық қабілеттерін зерттеген психологиялық әдебиеттерге талдау жасалған. Шығармашылық қабілет ұғымына кіретін түсініктерге теориялық тұрғыдан анықтама берілген. Шығармашылық қабілеттің құрылымы, даму шарты, заңдылықтары тұжырымдалған.*

***Негізгі сөздер:** Шығармашылық, қабілет, даралық, дарындылық, таным, ақиқат, жеке тұлға, психологиялық критерилер.*

Шығармашылық – студенттің өз даралығын түсінгенде орын алады. Өзінің осы бір ерекшелігі арқылы ол қайталанбайтын сонылықтың, ізденудің қуанышына бөленеді, жаңалыққа ұмтылыс жасау арқылы өзінің ішкі дүниесін жаңғыртуға қадамдар жасайды. Жан-жүйесіне жаңалық енген студентте білімдегі үздіксіздікті, толассыздықты қажетсіну жоғарылайды. Бұл білім көтеру арқылы жүзеге асады десек, маманның білім көтеру әрекеті – ол үшін арнайы ұйымдастырылған, кәсіби ізденіске ынталандыратын, соның нәтижесінде өзін басқаларға танытып ісінен қанағат табуына көмектесетін үрдіс. Тек сонда ғана студенттің ішкі мүмкіндіктері ашыла түсіп, шығармашылық қабілет жаңа сапалық деңгейге көтеріледі.

Шығармашылық қабілет жайлы жалпы түсінік П.К.Энгельмейрдің еңбектерінде беріледі. Бұл сапаны автор адамның өміріндегі даму фазаларының бірі, табиғаттың шығармашылығы ретінде қарастырады. Оның еңбектеріндегі негізгі идея адамның дарындылығы, шығармашылық үрдістің кезеңдері, шығармашылық қабілеттің жүзеге асуының құштарлық, ерік, дағды сияқты құрамдастарынан түзелетіндігіне арналады. П.К.Энгельмейр шығармашылықтың жалпы теориясы ретінде «эврилогия» ұғымын енгізді [1].

Біз зерттеп отырған шығармашылық қабілет Д.Б.Богоявленская, А.В.Брушлинский, А.Я.Пономарев, т.б. ғалымдар еңбектерінде шығармашылық қабілеттердің дамуы, тұлғаның интеллектуалдық әрекеті аясында қарастырылады. Олар шығармашылықтың заңдылықтары, шарттары, даму барысы жайлы мәселе көтеріп, бұл сапаның құрылысы танымдық қабілеттердің процессуалдық сипаттамаларының түзелетіндігіне тоқталады.

Жоғарыдағы авторлар зерттеулерінде шығармашылықтың қабілеттің құрылымы мына төмендегі құрамалардың жиынтығы түрінде көрсетеді:

- а) жеке психикалық үрдістер, нышандар, қабілеттерден тұратын өзіндік қабілет;
- ә) сенімдер, тұлғаның ішкі күштерін қозғайтын қажеттіліктері, құндылық бағдарлары, мотивтерінен құралатын әлеуметтік-психологиялық қондырғы;
- б) оқу барысында, шығармашылық әрекеттерге қатысу және әлеуметтену арқылы алынған білім, білік, дағды түрінде көрінетін когнитивті құрамасы;

Шығармашылық психология ғылым ретінде XIX-XX ғасырлар тоғысуында пайда болып, «жаңалық ашу» деген мәнге ие болды. Бұл мағынаны бізді қоршаған органикалық және органикалық емес өмірдің барлық саласында қолдануға болады. Өйткені өмірдегі кез-келген өзгерістер, жаңарулар-шығармашылық күштердің өнімі. Психологиялық әдебиеттерде олардың төмендегідей негізгі белгілермен сипатталатындығы көрсетіледі:

- 1) кез-келген жаңа өнім кездейсоқ немесе әртүрлі варианттар сынап көру нәтижесінде алынатындықтан, өнімнің жаңалығы оны жасаудағы үрдістің (жаңа әдіс, тәсіл, қимыл-әрекет) жаңашылдығынан тұрады;

2) шығармашылық үрдіс мәселені қарапайым логикалық алгоритм негізінде шешу мүмкін болмаған жағдайда орын алады, нағыз шығармашылық акт жағдайында мәселенің шарты мен оны шешу аралығындағы логикалық «қамал» алынады, ал оған интуиция мен иррационалдықта бастау қатысады;

3) шығармашылық – үрдіс ретінде үнемі соны, өйткені жаңа құралдар, жаңа тәсілдер, әрекеттің жаңа бағдарламалары қолданылады; шығармашылықта әртүрлі жүйелердің элементтерінен жаңа пайдалы өнім алу жүзеге асады;

4) шығармашылық – таныммен, ақиқаттың сәулеленуі, оның дамуы мен қызмет ету заңдарымен тікелей байланысты, өйткені сәулелену шығармашылықтың базасы мен негізі; шығармашылық кезінде адам өзінің білімін кеңейтеді, тереңдетеді сондықтан ақиқат дүниені тану формасы ретінде танылады;

5) шығармашылық – мәселені, қалыптан тыс жағдайларды көру мен шешу үрдісі, ал кез-келген мәселе негізінде қарама-қайшылықтың шешімін табу жатыр сондықтан шығармашылықтың мәні ретінде осы ерекшелігіне көңіл бөлінуі керек;

6) шығармашылық – адам әрекетінің ең жоғарғы түрі, оның тұрмысының тәсілі, өзіндік әрекетінің, өзін-өзі дамытуының, өзін-өзі танытуының формасы;

7) шығармашылық – рухани және материалдық құндылықтардың бірлігі. Бұған студенттің күнделікті әрекеті тұрғысынан қарасақ, рухани шығармашылық бағдарлама, жоспар, жоба, модель ойлау үрдісінде туады, ал оны практикаға айналдыру – материалдық шығармашылыққа жатады;

8) шығармашылық – ойлаудың маңызды психологиялық критерийі, шығармашылықтың шешімі – эмоционалдык көтеріңкі көңіл-күйдің не күйзелістің айқын байқалуы.

Адамның шығармашыл болуы мәселесі барлық уақыттарда гуманитарлық ғылымдардың, әсіресе психологияның өзекті мәселесі болып келеді. Дегенмен қазіргідей әр адамның өз тағдыры мен кәсіби және жеке бағыттағы жетістіктері үшін өз жауапкершілігі артып отырған уақытта ішкі резервтерді көздеу, тәжірибе мен білімді тиімді қолдана білу үшін бұл мәселені зерттеу, талдау ғана емес дамытудың маңыздылығы арта түседі.

Тұлғаның шығармашылық сияқты аса маңызды сапасы сонымен қатар көптеген шетелдік психолог-зерттеушілердің назарын аударған олардың қатарына Дж.Гильфорд, А.Маслоу, К.Роджерс, Т.Торенс, Э.Фромм, т.б. енеді. Аталған авторлардың еңбектерін саралай отырып, мәселені зерттеушілерді негізінен екі топқа бөлуге болады: алғашқылардың пікірлері романтикалық көзқарасқа негізделсе, екіншілері шығармашылық феноменнің тұлғалық даралық деңгейде қарастырады. Біздің ойымызша қазіргі білімдік практика үшін соңғы топтағы зерттеулердің маңызы зор. Сондықтан жұмысымызды осы аталған ғалымдар еңбектерінде келтірілетін ой-пікірлерді сабақтау арқылы жалғастырамыз.

Қабілеттер мәселесін зерттеген Б.М.Теплов шығармашылықты тұлғаның белгілі бір әрекетті (немесе бірнеше әрекетті) табысты орындаудың шарты болып табылатын жеке психологиялық ерекшеліктері ретінде қарастырады. Автор жалпы және арнайы қабілеттердің болатындығын атап өте отырып, олардың жоғары деңгейлеріндегі көріністерінде қарай «бір биіктегі тұлға» (бір салада қабілетті), «екі биіктіктегі тұлға» (екі немесе бірнеше салада қабілеті бар адамдар) деген атаулар береді. Қабілеттерін пайда болуы, типтері, даму заңдылықтары мен диагностикалау мәселесін көтереді [2].

Осы тұрғыда Н.С.Лейтес, Б.М.Тепловтың жүргізген зерттеулеріндегі қабілеттер деген білімнің, біліктің өзі емес, оны тез меңгерудің ішкі шарттары деген көзқарасы мен келісе отырып, оған өзінің дені сау баланың оқи алмауы, оқу әрекетімен айналасуға қабілетсіз болуы мүмкін емес деген пікірін қосады. Қабілеттіліктің жоғарғы деңгейі дарындылық жайлы мәселесін қозғай отырып Н.С.Лейтес оны белгілі бір әрекетте табысты болуға мүмкіндік беретін адам қасиеттерінің интеграциясы деген көзқарас білдіреді [3].

Шығармашылықты жалпытұлғалық қасиет деп қарастыру көптеген психологиялық зерттеулерде көрініс тапқан. Солардың бірінің авторы Ю.З.Гильбух шығармашыл тұлғаның қасиеттерін құрамына саналылықтың әртүрлі деңгейінде қалыптасатын шығармашылыққа бағыт алу, шығармашылық ойлаудың дамығандығы, одан өзге белсенді танымдық әрекет, елес, тұрақты зейін, дамыған оперативті жад, оқи алудың негізгі біліктерін меңгеруді жатқызады [4].

Шығармашылық мәселесімен ғылыми тұрғыда айналысқан ғалымдар шығармашыл тұлғаның ерекшеліктерін айқындауға көп мән берген. Солардың бірі – Я.А.Пономарев шығармашыл тұлғаның мына төмендегідей ерекшеліктеріне баса назар аударады: перцептикалық ерекшеліктер – зейіннің ширауы, сезімталдық, интуиция, зор қиял, ойлап таба білушілік, болжай алушылық, жан-жақты білімділік, шаблонды қабылдамау, сонылық, бастамашылдық, табандылық, өзін-өзі ұйымдастыра алу, еңбекке қабілет. Ғалым шығармашыл тұлға шығармашылықта мақсатқа жеткеннен гөрі, шығармашылық әрекеттің жүру барысынан қанағат алады деп есептейді [5].

Шығармашыл тұлға А.Н.Луктың айтуынша – тәуекелшіл адам. Онда идея көп болады және оны жария етуден жасқанбайды. Оның – өзінің, кейде тіпті негізсіз болып көрінетін, батыл ойларынан да қорытынды жасауға әзір кісі деген пікірімен келіспеуге болмайды [6].

Шығармашылықты дамыту үшін белгілі бір жағдайлар мен шарттардың қажеттілігі жайлы ойды В.Э.Чудновский жалғастыра отырып, шығармашылық қабілеттің дамуы үшін ашық пікір білдіру болатын, еркін атмосфераның болуы, сондай-ақ тұлғаның өзіндік бағасын арнайы педагогикалық әдістермен толықтырып отыру қажеттілігіне тоқталады [7]. Ғалым тұлғаның шығармашылық қабілеттері интеллектуалдық әлеуметтік, практикалық сияқты әртүрлі салада болуы мүмкіндігін айтады.

Психологиялық зерттеулерде «шығармашылық» және «креативтілік» ұғымдары синоним ретінде қолданылған кездер болды. «Креативтілік» ұғымының латын тілінен аудармасы «жасап шығару» дегенді білдіреді. Былайша түсіндіру шығармашылықпен сәйкес келеді. Дегенмен соңғы уақыттарда «креативтілік» ұғымының мазмұны белгілі бір дәрежеде өзгерістерге ұшырады деуге болады. Оған өткен ғасырдың 30-40 жылдарында бұл ұғымның «жасырын күш», «жасап шығаруға қабілеттілік» ретінде қарастырылуы себеп болды. Ал 50-60 жылдары шығармашылық ойлауға байланысты зерттеулер аясында «креативтілікке» шығармашылық әрекетке қажетті идеяларды таба алу, ойлаудың икемділігі сияқты интеллектуалдық қабілеттің ерекше типі деген мән берілді.

Тұлғалық бағдарлы психология өкілі К.Роджерс шығармашылықты «креативтілік» ұғымымен бірлікте білдірген. Оның пікірінше креативтілік адамның қоршаған әлеммен байланысындағы шектеулерді жеңіп шығу үшін өзінің ішкі психологиялық әлемін зерттеуі [8]. Оның осы пікірін әрі қарай тарқата отырып, қызы Н.Роджерс «шығармашылық әрекет біздің өмірлік қуатымыз, оны бір рет сезінген адам онсыз өмір сүре алмайтындай болады. Креативтілік – біздің мәніміз, біздің өміршендігіміз», - деген [9].

Солардың көшбасшысы жеке тұлғаның дамуы мәселесінде байыпты пікір айтып, теория тұжырымдаған Л.С.Выготский. Ол даму үрдісін адамның психикалық функцияларының жетілуімен жоғары деңгейге көтерілуімен байланыстырады. Оқыту мен дамудың арасындағы тығыз байланыс барын уағыздай отырып ғалым, дамуды қамтамасыз ететін оқыту теориясын алғаш ұсынды. Автор дамуды оқумен тең немесе оқу мен даму екі бөлек үрдіс деген пікірлерді сынға ала отырып, ең алғаш тұлғаның дамуының «аймақтары» жөнінде теория жасады.

ЖОО-дағы студенттердің шығармашылық қабілетін дамыту мәселесін психологиялық тұрғыдан талдау аясында адам дамуының *интеллектуалдық, тұлғалық, әрекеттік* сияқты негізгі бағыттарын бөліп қарастыруды жөн деп есептейміз. Талдау

жұмыстары олардың өзара байланысты екенін, бірақ ұқсас, бірдей еместігін көрсетеді. Бұл жайлы А.В.Петровский тұлға мен психиканың дамуымен ұқсас емес тек бірлесе алатындығы жайлы пікір айтады.

«Тұлға» – ертеден келе жатқан ұғым. Тұлға дербес әрекет ететін субъект, адамның қоғамдық өмірінің дара нысанасы. Ол әлеуметтік тіршілік ету әдісі жағынан дара болады, оның мәні индивидтің өзіндік ерекшелігінде, оның өзіндік дүниесі ерекше өмір жолын белгілейді. Тұлға – қоғамдағы адамның даму дәрежесіне байланысты оның психикасында болатын жаңа сапа екендігіне А.Н.Леонтьев тоқталады [10].

Тұлға – әлеуметтік қатынастармен саналы іс-әрекетті жүзеге асырушы, нақты қоғам мүшесі, өзін басқалардан ажырата білетін, өзінкім екендігін түсінетін, есі кірген ересек кісі деген сипаттамаға лайық деп есептейді академик Т.Тәжібаев [11].

Тұлға – өзінің ұстанымы, өмірге деген өз көзқарасы, саналы еңбек нәтижесінде қалыптасқан дүниетанымы бар адам. Мұндай адам өз ортасынан оқ бойы озық отырады. Оның өзіндік ойлауы, сезімдері, ерік-жігері, жинақылық пен ішкі құмарлығы жоғары болады. Тұлғаның тереңдігі оның басқа адамдармен, ортамен байланысының тереңдігін қамтамасыз етеді. Сонымен тұлға – жай ғана адам емес, даралық сапалары, нышандары, қабілеттері дамыған, ізденгіш, ойлап табу үшін белсенді ізденуші адам. Тек ұзақ уақытқа созылған өзін-өзі дамыту арқылы қалыптасқан жеке адам ғана осылайша аталуға құқық алатындығын С.Л.Рубинштейн атап өтеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Энгельмейер П.К. Теория творчества. СП. 1971. – 178 с.
2. Теплов Б.М. Способности и одаренность. - М.: Просвещение, 1958. – 215 с.
3. Лейтес Н.С. Умственные способности и возраст. М.: Знание, 1971. – 101 с.
4. Гильбух Ю.З. Внимание: одаренные дети. -М.: 1991. – 80 с.
5. Пономарев Я.А. Психология творчества и педагогика. М.: Педагогика, 1976. – 280 с.
6. Лук А.Н. Мышление и творчество. М.: Изд. Политической литературы, 1976. – 128 с.
7. Чудновский В.З. Одаренность: дар или испытание? -М.: Знание, 1990. – 80 с.
8. Роджерс К. Взгляд на психотерапию. Становление человека. - М.: Прогресс, 1994. – 94 с.
9. Роджерс Н. Творчество как усиление себя. // Вопросы психологии. – 1990. - №1. – С. 164-168.
10. Леонтьев А.Н. Деятельность. Сознание. Личность. -М.: Наука, 1997. – 325 с.
11. Тәжібаев Т. Жалпы психология. Алматы: Қазақ университеті., 1989. – 225 с.

УДК 159.928.235

ОСВЕЩЕНИЕ ПРОБЛЕМЫ РАЗВИТИЯ ТВОРЧЕСКИХ СПОСОБНОСТЕЙ СТУДЕНТОВ В ПСИХОЛОГИЧЕСКОЙ ЛИТЕРАТУРЕ

Кинжекова Р.С., Аймағанбетова А.Б.

Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет, г.Уральск

Аннотация: В статье рассматривается проблема исследования творческих способностей студентов в психологической литературе. Проведен теоретический анализ понятия творческих способностей. Рассмотрены закономерности и условия развития и структура творческих способностей.

Ключевые слова: творческие способности, индивидуальность, одаренность, познание, личность.

УДК 159.928.235

ЭМПАТИЯ КАК ПРОФЕССИОНАЛЬНОЕ КАЧЕСТВО ПСИХОЛОГА

Қадырғалиева Г.Р., Сапашева К.Х.

Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет, г.Уральск

Аннотация: В статье рассматривается эмпатия как профессиональное качество психолога. Проведен анализ трудов ученых, в которых говорится о путях управления эмпатией. Исследуются пути развития эмпатии.

Ключевые слова: Эмпатия, психолог, качество, сочувствие, профессия, свойство, интеллект.

Профессия психолога относится к категории «человек-человек». Именно поэтому особое место в ряду необходимых качеств психолога, занимает эмпатия. В ряде исследований, перечислены и качества, не приемлемые для профессии психолога-практика. Это: неумение понять позицию другого человека; ригидность мышления; низкий интеллектуальный уровень [1].

Рассмотрим определения эмпатии в смежных для нас профессиях «человек-человек»:

1. Эмпатия - способность человека понимать мысли и чувства других людей. Эмпатия психотерапевта часто считается одним из основных качеств, которое способствует успешному лечению больных [2].
2. Эмпатия - способность идентифицироваться с другим человеком, почувствовать то, что он ощущает [3].
3. Эмпатия - (empathy) ощущение способности испытывать за другого его чувства. Сопереживание является определяющим во многих межличностных отношениях и социальных установках [4].

Эмпатия – это сопереживание другому человеку так, как если бы на его месте был ты сам. Она может быть сенсорной (мы видим, как гимнаст прыгает на батуте и у нас непроизвольно сокращаются мышцы живота) и эмоциональной (человеку грустно, и нам тоже становится печально). Когда речь идет об эмпатии, в основном, подразумевается именно сопереживание чужим эмоциям [5]. Тут надо отметить, что это совершенно не логический феномен: я подумал, отчего другому плохо/хорошо, поставил себя на его место и сам расстроился/обрадовался. Такой подход очень неплох как техника для развития эмпатии, но это не эмпатия непосредственно. Здесь речь идет о почти бессознательном сочувствии. У некоторых оно развито настолько сильно, что они переживают чужое состояние вопреки своей воле, даже когда столь глубокое погружение в жизнь другого им самим мешает и раскоординирует их дела. Как ни странно, такие люди встречаются очень и очень часто, и это не имеет отношения к сверхспособностям – это просто развитая психическая функция, отчасти связанная с «шестым чувством». Вообще проявлять эмпатию характерно для всех людей в рамках психической нормы. Эмпатии лишены разве что психопаты, что позволяет им совершать жестокие, ужасные вещи без угрызений совести: они не чувствуют чужую боль. Но люди стремятся к крайностям, как уже говорилось. Поэтому одни руководствуются сопереживанием и во многом строят отношения с религией на базе эмпатии, а другие, если такое сочувствие у них выражено неярко, вычеркивают вообще из своих лекал внимание к чувствам окружающих.

Людей с сильно развитой эмпатией можно условно разделить на два вида: тех, кто ей руководствуется, и тех, кому она слегка мешает жить, потому что они стараются не руководствоваться ей, но от нее никуда не деться. Последних не так мало, как можно подумать. Так некоторых людей захлестывают чужие чувства: они считают их и не

знают, что с ними делать, зачастую даже не осознавая, в чем их причина. И хорошо, если это радость или волнение. А если это боль или паническая атака? От эмпатии, конечно, избавляться не нужно. Это одна из высших психических функций и большой дар: сопереживание в числе других феноменов делает нас людьми. Но нередко можно наблюдать, как вот такие чуткие высокоорганизованные люди не анализируют ничего, кроме своих ощущений. В конфликте, даже религиозном, они встанут на сторону того, кому больнее, а не того, кто прав. Из ученых они будут слушать того, кто гуманнее и тактичнее. Они отдадут на благотворительность последнюю рубашку, не проверяя номеров чужого счета, не допуская мысли о мошенничестве. Представьте то, что вас трогает, максимально абстрактно, как некую схему, а не живых людей. Однако это очень и очень сложно и, как правило, не нужно. Отдельного разговора требует разве что работа врачей и сходные профессии, где высокая эмоциональная вовлеченность мешает сосредоточенности, поэтому и считается, что все врачи – циники. Это жесткая профессиональная необходимость: ты не сделаешь операцию на сердце, если будешь размышлять, как будут страдать родственники, если больной умрет. Но в целом, конечно, не следует выключать это ценное свойство души. А вот разум включать надо. Другая крайность – исключение эмпатических переживаний из приоритетов вообще. Таких людей можно назвать черствыми, они минимально реагируют на чужие огорчения и жизненные трудности. В принципе, это не так плохо: бережет кучу нервов и позволяет хорошо анализировать факты. Им обычно дан острый ум, искупающий отсутствие сильной эмпатии. И как раз его можно направить на то, чтобы развить в себе гуманность и способность к сопереживанию. Хорошему аналитику развитая эмпатия даст возможность объемнее смотреть на реальность. Но как это сделать?

Во-первых, есть логический суррогат эмпатии: надо представить себя на месте другого человека и попробовать осознать, что бы вы чувствовали в такой ситуации. Смоделируйте это не машинально – вообразите себе весь иной жизненный путь, иные установки и ценности. Это поможет вам понять внутренний мир другого и станет шагом на пути к полноценному сопереживанию.

Во-вторых, больше рефлекслируйте. Погруженность в себя, как ни странно, помогает сопереживать другим. Например, интроверты более склонны к эмпатии, так как не транслируют свои чувства вовне и вообще имеют привычку к глубокому самоанализу.

В-третьих, развивайте спонтанность в решениях и умение импровизировать. Эмпатия напрямую связана с тем, что в соционике называют иррациональностью, то есть, если вкратце, построением жизни по волнам, а не в соответствии с жестким графиком. Крайности несимпатичны, они делают нас уязвимыми и слепыми. Если каждый из нас попробует отмагнититься от своего полюса в эмпатии, то, может быть, мы встретимся посередине – там, где разум и гуманность идут рука об руку.

Многие путают эмпатию с сочувствием и сопереживанием. Посмотрим характеристики описанных категорий:

Сопереживание – это когнитивная сфера осмысливания «чужого несчастья» - на уровне понимания проблемы другого человека (например, попавшего в трудную ситуацию) [6]. На когнитивном уровне, лучшее, что готов сделать психолог – это проанализировать, включить мозги, вытащить свои знания, использовать личный умственный опыт, но не затрагивая (не используя, не подключая) свои собственные эмоции.

Сочувствие - категория порядком выше сопереживания. Здесь задействованы эмоции и чувства психолога, как личный опыт.

Эмпатия (помним, что сочувствие и сопереживание «входят в ее структуру») – только при наличии эмпатии, психолог чувствует чувства клиента «как свои собственные»! Он находится в ситуации и в чувствах клиента «как у себя дома», не путая

свои «похожие» чувства и свою «похожую историю» с чувствами и историей клиента. Поэтому, психолог и клиент работают совместно, быстро (насколько это возможно), качественно. Более того – у них образуется психолого-клиентский альянс на долгие годы. Согласно исследованиям, эмпатия формируется:

- только до трех лет (до момента осознания ребенка своей идентичности с окружающим его миром)
- после трех лет уже поздно – ребенок бессознательно сфотографировал способы взаимодействия с миром на примере своих родителей (или людей, заменяющих их)
- эмпатия формируется при условии, когда в семье нет лицемерия (либо ребенок посчастливилось не присутствовать при поступках лицемерия людей, значимых для него) [7].

Однако, не все так просто. Эмпатия может быть ниже среднего (ниже нормы), средней (не достаточной до развитой), достаточно развитой (в норме) и излишней (сверх нормы). Поэтому, говоря о развитой эмпатии, мы имеем ввиду именно «достаточно развитую эмпатию». Выходит, что потенциальные удачливые психологи-практики (психотерапевты, врачи, психиатры, психологи-педагоги и другие категории психологов) – это люди с развитой эмпатией. Тут не поспоришь, потому что «эмпатийные психологи» счастливы в выборе своей профессии, потому что, они – точно «на своем месте».

Список литературы:

1. Алтухова Е.В. Психолого-акмеологический механизм формирования эмпатии в отношениях преподаватель-студент // Вестник Тамбовского университета. Серия: Гуманитарные науки. - 2007. - № 1. - С. 270.
2. Краткая медицинская энциклопедия: в 2-х т./под ред. В.И. Покровского. - 3-е изд. - М.: НПО "Медицинская энциклопедия"- Крон-Пресс. 1994. – 584 с.
3. Блейхер В.М., Крук И.В. Толковый словарь психиатрических терминов // Ред. к.м.н. С.Н. Боков - Воронеж: Изд. НПО "МО ДЭК", 1995. - 640 с.
4. Джери Дэвид, Джери Джулия; Пер. с англ. Н.Н. Марчук: Большой толковый социологический словарь. - М.: Вече: АСТ, 2001. – 630 с.
5. Ванершот Г. Эмпатия как совокупность микропроцессов // К. Роджерс и его последователи: психотерапия на пороге XXI века (под ред. Д. Брэзиера). М., "Когито-центр", 2005. – 125 с.
6. Гиппенрейтер Ю.Б. Введение в общую психологию. – М.: АСТ, Астрель, 2008. – 235 с.
7. Гаврилова Т.П. Эмпатия и ее особенности у детей младшего и среднего школьного возраста. М., 1977. – 186 с.

ӘОЖ 159.928.235

ЭМПАТИЯ ПСИХОЛОГТЫҢ КӘСІБИ САПАСЫ РЕТІНДЕ

Сапашева К.Х., Қадырғалиева Г.Р.,

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ.

Аннотация: Мақалада эмпатия психологтың кәсіби сапасы ретінде қарастырылады. Эмпатияның анықтамасы, құрылымы, оның басқарудың жолдары жөнінде айтылған ғалымдардың еңбектері талданған. Сонымен қатар эмпатияның даму жолдары да сөз болады.

Негізгі сөздер: эмпатия, психолог, сапа, жанашырлық, мамандық, қасиет.

ТАРИХ

ӘОЖ 930:314 (574.1)

ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНЫҢ ЭТНОДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ДАМУ БЕЛЕСТЕРІ

Шинтемирова А.С., Балыкова А.М.

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ.

Аңдатпа: Мақалада Қазақстан халқының этнодемографиялық даму тарихының өзекті мәселелері санақтар мәліметтері негізінде талданады.

Кілт сөздер: этнодемография, халық санағы, қоныстандыру саясаты, этномәдениет, көші-қон, қалалану, депортация

Этномәдени және демографиялық мәселе қоғамдық өмірдегі күрделі өзгерістермен байланысты. Халық саны туралы ең ауқымды ақпарат көзі халық санақтары болып табылады. Қазақстан тарихында бірнеше халық санақтары жүргізілген. Біреуі жалпы Ресейлік 1897 жылғы санақ болса, жеті бүкіл одақтық халық санақтары - 1926, 1937, 1939, 1959, 1970, 1979, 1989 жылдары жүргізілді. Тәуелсіздік жағдайында 1999, 2009 жылдары санақтар жүргізілді. Этнодемографиялық даму тарихының бірінші кезеңі 1897-1923 жылдар. Этномәдени тарихтың бұл кезеңі Қазақстан территориясындағы күрделі өзгерістерге толы болды. Бұл бірінші дүниежүзілік соғыс, 1917 жылғы төңкеріс, азаматтық қарсыластық сияқты саяси оқиғалардан кейінгі күшейе түскен шаруаларды жаппай қоныстандыру процесстері болатын. XIX ғасырдың соңында Қазақстан аграрлық өлке еді. 1897 жылғы Ресей империясының бірінші жаппай халық санағына сәйкес елдегі халықтың саны 4 млн 333 мың адамды құрады. Оның ішінде қазақтар басым көпшілікті құрап, 3 млн 392,7 мың адамды құрады [1].

XIX ғасыр аяғы-XX ғасыр басында Қазақстан Ресейдің көп ұлтты провинциясына айналады. Қалаларда татарлар саны артты. Қазақстанға мордвалар, эстондықтар, поляктар және басқа да ұлттар қоныстана бастады. Ұйғырлар мен дүнгендер де саны артады. Қазақтардан көптеп тартып алынған жерлерде қазақ халқының үлесі азаяды. 1887 жылы Омбы уезінде қазақтар 38% құраған, 1915 жылы 15% болатын. Петропавл уезінде 44,5% және 32%, Көкшетау уезінде 51 және 28%, Қостанай уезінде 77 және 41%, Оралда-51 және 24% болатын [2. с 25].

1923 жылғы санақ мәселелері бойынша Қазақстанның қазіргі шекарасында 6 млн 198 мың адам тұрған. Қазақтардың саны 1926 жылы 3 млн 627,6 мыңды құраған. Ал үлес салмағы 1897 жылға қарағанда 57,1%-ға төмендеген. Орыс халқының саны 2,8 есеге артқан. Қазақстанның этномәдени келбетінің қалыптасуы көші-қон процесстерінің ықпалынан жүзеге асты.

Көші-қон құбылысы Қазақстан тарихында үлкен роль атқарды. Бұл үрдіс халықтың этноәлеуметтік құрамына тікелей ықпал етті. 1925 жылға таман беделді қызметтегі, басқару органдарындағы жергілікті халық үлесі 10%-дан аспайды. Қала халқының саны 519 мың адамды құраса, оның ішінде қазақ халқының үлесі 14,4% болатын. Қала халқының негізгі үлесі орыстар 52,8% болды [3, с. 10].

Екінші кезең – 1927-1939 жылдар еді. 20 жылдың аяғы - 30 жылдың басындағы демографиялық процесстің нәтижелері 1937 және 1939 жылдардағы санақтарда көрінді. 1937 жылы бүкілодақ халық санағы барасында халық саны 1926 жылы саласында 1071,7 мың адамға азайған. Қазақ халқының үлесі 39,8%, өзбектер 19%, ұйғырлар 48%-ға азайған. Орыстың үлесі 33,5%, татарлар 13,4% немістер 36,6% ке артқан [4, с. 113].

Санақ мәліметтері бойынша соғысқа дейінгі Қазақстанның этномәдени келбетінің қалыптасуында негізгі тенденцияларды анықтауға болады. Ол КСРО-ның еуропалық аймақтарынан Қазақстан территориясына көші-қон ағымының нақты бағыты

көрінді; келген халық есебінен урбанизация деңгейі де артады, 1926 жылғы халық санағы бойынша қала халқының үлесі 8,5% болса, 1939 ж 35,9% яғни 1710 мың адамды құрады [5, 642]. Жергілікті халықтың азаю ағымы жалғаса береді. 1939 жылы қазақ халқының үлесі 1926 жылмен салыстырғанда 1,8 есеге азайған. Егер 1926 жылы халықтың 58,2% қазақтар құраса, 1939 жылы қазақтардың үлесі 36,4 % қысқарған. Халықтың басым көпшілігі орыстар 41,2% болатын [6, 210]. Қазақ халқының үлесінің азаюы 30 жылдардағы ашаршылыққа байланысты болатын. 1939 жылдардағы санақ мәліметін пайдаланғанда ескеретін мәселе, жергілікті халықтың санына қатысты мәліметтер асыра көрсетілген. 1937 және 1939 жылдарындағы санақ мәліметтеріне талдай келе, идеология шеңберінде халық саны, әсіресе, ауыл халқының саны тым ұлғайтылып көрсетілгені белгілі болды. Дей тұрғанмен, түзетулерді ескере отырып, 1939 жылғы санақ мәліметтерін ғылыми зерттеулерде қолдануға болады. Қазақ халқының үлес салмағы 1939 ж 37,8% төмендеп, білім саласында қазақ халқының үлесі 15,9%, медицина саласында 6,8 %, техникалық қызметкерлер арасында 11,4% құраған [7]. 1939 жылы Қазақстан халқының сауаттылық деңгейі 61,4% құрады, ал кеңестік статистика 76,3% көрсетеді. Қазақ халқының сауаттылық деңгейі 1926 жылы 6,9%, 1939 жылы 54,5% құраған.

3-кезең 1939-1959 жылдар. XX ғасыр ортасында Кеңес Одағында этнодемографиялық саясат бағыты қалыптасты. Республиканың этникалық келбетінің қалыптасуына бұл кезеңде соғыс, эвакуация, реэвакуация, депортация ықпал етті. Оның нәтижесі туу көрсеткішіне, өлім-жетімнің жоғары болуына, халықтың табиғи өсімінің төмендеуіне әкелді. 1939-1959 жылдар арасында көші-қон үдерістері Қазақстан халқының қалыптасуында үлкен ықпал етті. Көші-қон ұйымдасқан, міндеттелген, күштеу сипатында жүзеге асқан. Бұл кезеңдегі көші-қон арқылы келген халық ұжымдастыру мен Ұлы Отан соғысы жылдарындағы азайған халықтың орнын басты. 1959 жылғы халық санағының мәліметтері бойынша Қазақстанда 9310 мың халық тұрады. Халық саны 1939 жылмен саласында 62% ға немесе 3158 мың адамға артты. Олардың ішінде қазақтар 2795 мың (30%), орыстар 3974 мың адам (42,7), украиндар 7621 мың адам (8,2%), беларустар 107,4 мың (1,2%), өзбектер 136,5 мың адам (0,8%), немістер 659,7 мың адамды (7,1%) құрады [8, 201с]. 1939 жылғы санақ мәліметімен салыстырғанда этнодемографиялық топтар арасында халықтың өсімі орыстарда жоғары болып, 1516 мың адамды құрады, қазақтар 467 мың адамға артқан. Қалған этнодемографиялық топтарда, украиндықтар 104 мың адамға, беларустар 75 мың, өзбектер 16 мың адамға, ұйғырлар 25 мың адамға, татарлар 89 мың адамға, еврейлер 8,5 мың адамға артқан. Республика бойынша этностардың отбасылық орташа көлемі мынадай: өзбектер -5,04 адам, қазақтар - 4,68, татарлар - 4,02 адам, орыстар - 3,7 адам, украиндықтар 3,04 адамды құрады [8, 18].

XX ғасырдың екінші жартысындағы тағы бір тенденция қала халқының санының артуы болып отыр. Егер 1939 жылы қалаларда 1710 мың адам немесе бар халықтың 27,8% құраса [8, 101], 1959 жылы қала халқының саны 2,4 есеге артып, 4067 мың адамға жетіп, халықтың 44% құрады. Этностар ішінде қалалану деңгейі жоғарғы ұлт орыстар 2343 мың адам болды. Ауыл халқының ішінде 90% еврейлер есептелді. Халықтың ішінде татарлардың 65% қалаларда тұрды. Қазақтар, қырғыздар, өзбектер, ұйғырлар негізін ауылды мекендеді. Еуропалық халықтар арасында ауылда немістердің 70% тұрған [8, 177]. Оның себебі немістердің аграрлық секторда қызмет жасауымен байланысты болды. Кәрістер көбінесе қалада тұрған. 1959 жылы кәрістердің 55% қалада тұрған. Кәрістер жаңа ортаға біртіндеп еніп, кәріс колхоздары, мектептері, балабақшалары ашылды. Басшылық қызметтерге отыру мүмкіндігіне ие болып, жоғары оқу орындарына оқуға құқықтары болды. 1959 жылғы санақ бойынша мемлекеттік басқару органдарының жетекшілері арасында қазақтар 20%, медицина қызметкерлері арасында 9%, байланысты қызметкерлері арасында 12%, сауда, іс жүргізу саласында 18%-дан аспады. Қазақ халқының көпшілігі ғылыми-педагогикалық мамандар мен мәдениет қызметкері

арасында, журналистер мен редакторлар арасында 31% құрады [8, 1-14]. 1959 жылы қазақ халқының арасында сауаттылық деңгейі төмен болып, 396 мың адамды құрады. 1959 жылы жоғары білімді адамдар саны 1000 адамға 70 адамды құрайды. Жоғары білімді қазақ халқының саны 2,38% құрап, 1 мың адамға 23,8 адамды құрады. Орыс ұлтында пайызы жоғары 3,37% құрап, 1 мың адамға 33,7 адамды құрайды.

4 кезең - 1959-1970 жылдар. 1970 жылғы халық санағы бойынша халықтың жалпы саны 12297,5 мың адамды құрады, оның ішінде қазақтар 4234 мың адамдарды құрайды [9, 33]. 1959 жылы туу көрсеткіштерінің жоғары болуына байланысты қазақтар саны 51% ға артты. 1970 жылы қазақ халқында отбасының орташа саны 5,5 адамды құрап, өзбектерден кейін 2-орында тұрады. Өзбектерде отбасындағы орташа адам саны 6,1 адам болатын. Орыс немесе украин отбасында орташа отбасындағы адам саны 3,6 адам. Бұл демографиялық баланстың оң болуына ықпал етпегенмен, халық санының өсімі көші-қон есебінен жүзеге асқан. 1959 жылдармен салыстырғанда қазақ отбасындағы адам саны 1 бірлікке артқан. 1959 жылы қазақ халқы ашаршылықтың зардаптарының орны тола қоймады.

Немістерде отбасының орташа саны 4,6 адамды құрады. Ауылда негізінен көп балалы отбасылар тұрады. Қалалық отбасылардың орташа саны 3,9 адам болатын. Қалада тұратын қазақтар мен өзбектердің отбасындағы адам саны жалпы республикалық 3,9 адаммен тең болды да ауылдағы қазақ, өзбек отбасының орташа санынан аз болды. Сонымен, халқының табиғи өсімі мен республикадағы туу көрсеткіштері ауыл халқының өсіп-өнуімен байланысты болды. 1970 жылы Қазақстанда өнеркәсіпте, ауыл шаруашылығында, басқару мен мәдениет саласында басшылық қызмет жасайтын қазақтар қазақтар 44,08%, партия басшыларының арасында 20,2% құрады. Ғылыми-педагогикалық, мәдени тәрбиелік салада қызмет жасайтын қазақтар үлесі 30% құрады. 1970 жылғы санақ бойынша тау-кен саласындағы мамандар арасында қазақтар 13,20%, немесе 3681 адамды құрайтын. Метал өндірушілер арасында 111 мың адам, химия саласында 189,7 мың адам болатын. Көлік саласында жұмысшы қазақтар саны 28,5% болды. Байланыс саласындағы қазақтар 12%, денсаулық сақтау саласында 9%, сауда, бухгалтерлік есеп саласында, коммерциялық кәсіпорындар саласында 18,4% болды [10].

1959 жылы санақ мәліметі бойынша сауатсыздар 8,64% құраса, 1970 жылы бүкілодақ халық санағынан бұл пункт алынып тасталды. Соған байланысты 1970 жылға таман сауаттылық деңгейі 100 %-ға жеткен. 1970 жылы бүкілодақтық халық санағы мәліметтері бойынша, жоғарғы білім халықтар саны төмендегідей бөлінді: қазақтар - 84,5 мың адам немесе жалпы қазақтар арасында 6,56% құраған, орыстар - 171,5 мың адам немесе 6,44%, украиндықтар - 26 мың адам немесе 5,17%, белорустар - 3,7 мың адам немесе 3,32%, өзбектер 2,5 мың адам немесе 4,30%, татарлар 80,5 мың немесе 58,55% немістер - 15,6 мың адам немесе 4,54%, ұйғырлар 1,5 мың адам немесе 3,74%, еврейлер 6 мың адам немесе 38,25% болды [11, 143с].

5 кезең - 1970-1979 жылдар. Бұл кезеңнің қорытындысы 1979 жылғы халық санағы болды. Халықтың жалпы саны 14684 мың адам, олардың ішінде қазақтар 5289 мың адамды құрады [12,75с]. Бұл өзгерістер туу көрсеткішін арттыруға бағытталатын мемлекеттік шараларға, өмір сапасының, әлеуметтік-тұрмыстық жағдайының жақсаруына, абаттандырылған орталықтары бар совхоздардың құрылуына, типтік үлгідегі үйлердің салынуына байланысты тұрғын үй мәселесінің шешілуіне, медициналық қызмет көрсету деңгейінің сапасының артуына байланысты болды. 1970 жылмен салыстырғанда қазақтардың жалпы саны 1,8 есеге артты. Республикадағы қазақ халқының саны пайыздық тұрғыда жалпы халық ішінде 36% құрайды [12,21с]. Көпбалалы болу тенденциясы төмендеген жоқ. 1979 жылы отбасындағы орташа адам саны 5,5 адам болып, өзбектерден кейінгі 2-орында тұрды. Өзбектерде отбасының орташа саны 6,2 адам болды. Республика бойынша отбасының орташа саны 4,1 адамға төмендеген. Орыс немесе, украин отбасының орташа саны 3,3 адам болатын. Бұл уақытта славян тектес халықтардың демографиялық өсімінің бәсеңдеуі байқалады. Ауқымды

көші-қонның кезеңі аяқталып, еуропалық этникалық топтардың санының өсім қарқыны төмендеді. Немістердің отбасында да туу көрсеткіштері төмендеп, отбасында 3,8 адамнан келді. Түркі халықтарының ішінде татарларда отбасының орташа көлемі 3,7 адамды құрады. Қала халқының орташа көлемі жалпы республикалық көрсеткіштерден төмендеп, 3,7 адамға теңесті. Ауыл халқына тән құбылыс көп балалы отбасылар болатын. Ауылда отбасының орташа көлемі 4,7 адамды құрады [13, 23с].

